

#КүшімізБірлікте

Жастарға
жан-жақты
қолдау көрсету –
мемлекетіміздің
басты міндетінің
бірі.
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ЖҮЙЕ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

5

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА ҚАЙРАН ҚАЛАМ...

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.02.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз, тұман.



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

8.02.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Кей уақытта тұман.



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №19 (6312) 7 ақпан, сейсенбі, 2023 жыл.

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCk3M2xJCHx68r1JgqyqEA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ҚАЗГИДРОМЕТ

БИЫЛ КӨКТЕМ ЕРТЕ ШЫҒАДЫ

Мегаполисте ауа температурасы қалай өзгереді?



Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында су тасқыны маусымына дайындыққа арналған брифинг өтті. Онлайн-брифингке елордадан «Қазгидромет» РМК Гидрология департаментінің директоры Әділ Ахметов қосылып, мегаполиске іргелес өңірлердегі жағдайға тоқталды. Ол сонымен қатар, мегаполистегі ауа температурасының қалай өзгергенін хабарлады.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

МАҚСАТ – ТАЗА ӘРІ САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕТКІЗУ



Алматыда жақын елдімекендерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мұнда халық көп тұтынатын өнімдер шығарылды. Осылайша алыс-жақыннан келген кәсіпкер, шаруа, диқаннның өнімі көпшілікке ұсынылды.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!

ҚЫСҚА...

- Президент «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.
- Президент Үкіметке Түркияда болған жойқын жер сілкінісінің салдарын енсеруде шұғыл көмек көрсетуді тапсырды.
- Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.
- Президент БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Зайд Әл Нахайянмен телефон арқылы сөйлесті.
- Үкіметте республикалық жолдардың жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар талқыланды.
- Бүгінгі Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандырудың жаңа тәсілдері қаралады.
- Еліміздің жаңа Қала құрылысы кодексін әзірлеу мәселелері бойынша кеңес өтті.
- «Бір терезе» қағидаты бойынша қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы құрылды.
- Бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер енгізіледі.
- «Неке және отбасы туралы» ҚР кодексіне жаңа өзгертулер енгізілді.
- Ата-әженің немерелерімен араласуына қатысты жаңа норма енгізілмек.
- Астрономдар Юпитердің 12 жаңа серігін тапты, олардың жалпы саны 92-ге жетті.
- Платформа іске қосылған алғашқы минутта Autonesie.kz сайтына 125 мың адам кірген.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Президент Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына мемлекеттік қызметке кіру ісіндегі артық кедергілерді жою, одан шығу тәртібін жеңілдету үшін жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет берілді. Дархан Жазықбаевтың айтуынша, мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыру мақсатында «Е-қызмет» жүйесі жаңғыртылды және оның базасында биыл 1 наурыздан бастап жаңа іріктеу жүйесі пилоттық жоба ретінде іске қосылады. Агенттік төрағасы бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін талдау нәтижелері туралы да баяндады. Агенттікті толыққанды HR-институтқа айналдыру жөніндегі жоспарлы шараларға арнайы тоқталды. Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өткізуге дайындық жұмыстарының басталғаны жөнінде мәлімет берді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппараттың сервистік моделін қалыптастыру және мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте автожол желісі мен көлік инфрақұрылымын дамыту шаралары қаралды.

Мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайту және республикалық маңызы бар жолдардың сапасын жақсарту мақсатында қозғалысы қарқынды бірқатар трассаны ақылы ету бойынша жоба іске асырылып жатқаны атап өтілді. 1-кезең аясында ұзындығы 5,5 мың шақырым жолдарда бейнебақылау камераларымен, лидарлармен, байланыс антенналарымен және басқа да құралдармен жабдықталған 100-ге жуық бақылау аркасы орнатылды. Атап айтқанда, ұзындығы 1,5 мың шақырым болатын І-санаттағы учаскелер 2021 жылғы қарашадан бастап ақылы болды. Бұл жол төсеміне күтім жасауға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және ілесіп инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. Кеңес қорытындысы бойынша І-кезең учаскелерінде жүк көліктерінің жүріп өткені үшін ақы алу жүйесін іске қосу бойынша жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды. Бұл бірінші кезекте Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік көлікке қатысты болады. Премьер-Министр жол желісін жаңғырту кезінде бейнебақылауды күшейтуге, жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігін арттыруға баса назар аудару қажет екенін атап өтті.

■ «G4 CITY»

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамбаев «G4 City» жобасын іске асыру мәселесі бойынша селекторлық жиын өткізді.

Қазіргі уақытта Gate City спутник-қаласының аумағында магистральдық инженерлік желілер тартылып, «Қоянқұс» тұрғын алабының құрылысы басталды. Бүгінгі таңда Алматы агломерациясының дамуын реттейтін 4 қала құрылысы құжаты әзірленіп, бекітілді. Олар: Алматы қаласы маңындағы ауданның бас жоспары; Алматы агломерациясының аймақаралық схемасы; Алматы облысы құрылысының кешенді сызбасы; Алматы қаласының арнайы қала құрылысын реттеу аймағында орналасқан Алматы қаласынан Үлкен Алматы айналма жолына дейінгі Алматы облысы құрылысының кешенді сызбасы.

Еске сала кетсек, 2008 жылдан бері Алматы облысының аумағында 4 жаңа «G4 City» серіктес қаласын дамыту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Былтыр «G4 City» жобасын іске асыру бойынша ұйымдастыру шараларының жоспары бекітіліп, онда кешенді даму, оның ішінде инвесторлардың Қазақстанға сапары кезінде көтерілген мәселелер қамтылған. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған тұжырымдамаға сәйкес, жоба ұзақ мерзімді перспективада «Алматы–Қонаев» тасжолының бойында орналасқан интеграцияланған қала ретінде дамиды және төрт ауданнан тұрады: Gate – іскерлік және қаржы орталығы, Golden – білім беру және медициналық хабтар, Growing – индустриялық және логистикалық хабтар, Green – туризм және ойын-сауық орталығы.

■ МИНИСТРЛІК

Мемлекет басшысы бекіткен 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында құқық қорғау және сот органдарында парасаттылыққа тексеруді немесе integrity check enüzу тетігін нысықтау көзделген, деп хабарлайды ҚР ПМ баспасөз қызметі.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов ішкі істер органдарының қызметкерлерін парасаттылыққа тексерудің пилоттық жобасының іске қосылғанын хабарлағаны белгілі. Ведомствода полицейлердің күнделікті жұмысына барынша жақын ситуациялық кейстер, оларға ден қою нұсқалары және тексерілетін адамдардың іс-әрекеттерін бағалау критерийлері әзірленді.

Ең алдымен, күнделікті халықпен байланыста болатын бөліністердің қызметкерлері тексеруден өтті. Бұл патрульдік полиция, ювеналды полиция, көші-қон қызметі, учаскелік полиция пункттерінің, модульдік және стационарлық бекеттердің, фронт-офистер мен кезекші бөлімдердің қызметкерлері.

Бастапқы кезеңде азаматтармен қарым-қатынас құру, қызметкерлердің олардың өтініштеріне жедел әрекет ету қабілетін тексеруге баса назар аударылды. Сондай-ақ, қызметкердің сыртқы түрі, яғни нысандық киімі, материалдық-техникалық жарақтандырылуы, қызметтік планшеттерді, бейнетіркегіштерді, жетондарды, автокөліктерді мақсатты пайдалануы бағаланды. Қантар айында Астана, Алматы қалаларының, Алматы, Қарағанды, Павлодар және Жетісу облыстарының полиция департаменттерінде тексерулер жүргізілді. Жоба іске қосылған қысқа мерзімге қарамастан тексеру нәтижелері өз тиімділігін көрсетті. Өтініштерге жедел қызмет көрсетіле бастады, қызметкерлер өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға, дұрыс және сыпайы жауап беруге ұмтылуда. Бұл қызмет көрсету моделінің принциптеріне сәйкес келеді. Қазіргі уақытта полиция қызметкерлері, сондай-ақ олардың қызметтік автокөліктері мен үй-жайлары ақпаратты автоматты түрде жедел басқару орталықтарына жіберетін заманауи фиксаторлармен жабдықталған.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ».)

■ ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫНЫҢ
АУМАҒЫ ЖАҢАРАДЫ

әр тұрғынның пікірі ескеріліп, нақты шаралар қолданылады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Таяуда Алматы халықаралық әуежайының Мәдениет үйінде жолаушыларға арналған жаңа терминалдың құрылыс барысын талқылауға арналған жиын өтті. Жиында әуежай басшылығының өкілдері, мамандар мен Түркісіб ауданының тұрғындары бас қосты.



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

Алматы Халықаралық әуежайының әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша бас маманы Юлия Аллахвердиеваның айтуынша, тұрғындарды ақпараттандыруға арналған мұндай жиын әр тоқсан сайын өткізіліп тұрады. Бұл жолы әуежайға жақын орналасқан Түркісіб ауданы тұрғындарының әуежайға қатысты сұрақтары мен ұсыныстары тыңдалды.

«Әлемдік тәжірибе бойынша, кез келген елде әуежай маңында орналасқан елдімекендердің тұрғындарының әуежайға қатысты ұсыныс, тілектері, шағымдары ескеріледі, оларды толғандырып сұрақтар талқыланып, шешімін табады. Біз де Алматыдағы әуежай маңында орналасқан аудандар мен елдімекен тұрғындарының арасында сауалнама жүргізіп отырамыз, жүзбе жүз кездесулер ұйымдастырамыз. Тұрғындарды көбінесе, қаладағы ауаның ластануы, ұшақтардан ауаға бөлінетін зиянды қалдықтардың адам денсаулығына әсері секілді мәселелер алаңдатады. Біз үшін әрбір алматылықтың пікірі маңызды болғандықтан, кез келген мәселенің шешімін бірге іздейміз», – дейді Юлия Аллахвердиева.

Түркісіб ауданының белсенді тұрғындары мамандарға өздерін мазалайтын сұрақтарын қойды, шағымдары мен ұсыныстарын да жеткізді. Тұрғындардың талап-тілегін жаңа терминалдың құрылысымен айналысып жатқан TAV Construction мердігер компаниясының өкілдері тыңдап, өздеріне түртіп алды.

Әуежай маңында көп жылдан

бері тұратын тұрғындар әуежайда қызметкерлерге арналған көлік тұрағының жоқ екенін айтты. Олардың айтуынша, әуежай қызметкерлерінің көліктері әуежайдың аумағына сыймағандықтан, олар көліктерін тұрғындардың ауласына қоятын көрінеді.

«Әуежай қызметкерлері көліктерін біздің қақпалардың алдына, тар көшелерге, аулаларға қойып қояды. Таңертең қойылған көліктер күні бойы біздің аулада тұрады. Балаларымыз емін-еркін жүретін орын жоқ. Тағы бір мәселе – қызметкерлердің тәртібі, олар жаз мезгілінде ауламызға коқыс лақтырып кетеді, темекі шегеді, дауыстары қатты шығады, тұрғындарды сыйламайды», – деп шағымданды Лана есімді тұрғын.

Түркісіб ауданының тағы бір тұрғыны Светлана Грининаның айтуынша, дамыған елдерде әуежай маңында тұратын тұрғындардың құқығы ескеріледі. «Мен өзім де жиырма жылдан астам авиация саласында қызмет етіп келемін. Әуежайға жақын орналасқан аймақтарда тұрғындарына арналған еуропалық нормалармен таныспын. Жалпы, әуежай маңында тұру адам денсаулығына зиян, демікпе, өкпе аурулары,

аллергия секілді ауруларға шалдығу қаупі жоғары. Сондықтан қай елде болсын, экологиялық нормалар сақталуы керек. Мысалы, кейбір қалаларда әуежайға жақын орналасқан елдімекендердің тұрғындарының тыныштығын бұзбау үшін түнде ұшақтар ұшырылмайды. Алматыда төбесінен ұшақ төніп ұшатын аудандар, үйлер бар. Мүмкін ұшақтардың ұшу, қону траекториясын өзгерту керек шығар. Міне, осындай мәселелер тұрғындарды мазалайды. Әуежай қызметкерлері ұйымдастырған жиынға көкейімізде жүрген сұрақтарды қоюға келдік», – дейді Светлана Гринина.

Тұрғындарды мұқият тыңдаған Алматы Халықаралық «TAV Construction» мердігер компаниясының өкілі Алим Ахмедов пен қоғаммен байланыс бөлімінің маманы Арнұр Нұрғалиев және басқа да мамандар әр тұрғынның пікірі ескеріліп, нақты шаралар қолданылатынын айтты. Сондай-ақ, ол болашақта Алматы әуежайының аумағы түгелдей жаңартылып, абаттандырылатынын, жолаушылар мен әуежай қызметкерлеріне мүмкіндігінше жағдай жасалатынын да ескертті.

● БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Жаңа халықаралық жолаушылар терминалының ауданы 55536,22 м² құрайды. Дизайнға сәйкес, жаңа құрылыс нысаны қолданыстағы терминал ғимаратына жүресті өткелі арқылы қосылады. Жаңа терминал жолаушыларға ғимараттың сыртына шықпай-ақ ішкі және халықаралық рейстерден ары-бері оңай өтуді қамтамасыз етеді.

Жаңа ғимараттың құрылысы халықаралық терминалға борттарының көлеміне байланысты бір уақытта жеті ұшақ қонатындай етіп салынуда. Алматы әуежайы жылына 14 млн-ға жолаушыға дейін қызмет көрсетеді.

Жаңа терминалдың айрықша ерекшелігі – EDGE стандартының advanced деңгейіне сәйкестігі (ресурстық тиімділікке бағытталған жасыл ғимараттарды сертификаттау жүйесі), ол 40%-дан астам энергияны үнемдеуді және жұмыс кезінде терминал ғимараты үшін 20%-дан астам суды үнемдеуді, сондай-ақ құрылыс кезінде материалдарды үнемдеудің 20%-дан астамын қамтамасыз етеді.

Жаңа терминал сонымен қатар, халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) Optimum – стандарт деңгейіндегі қызметімен қамтамасыз етіледі. Оңтүстік астана әуежайының қызмет көрсету деңгейінің жаңа тұжырымдамасы әлемдік үрдістер стандарттарына негізделеді, сондықтан жылдамдықты, сапаны және тиімділікті арттыра отырып, шығындарды оңтайландыруға бағытталатын болады.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК


Қала маңындағы тұрғындардың өтініші бойынша 10 ақпаннан бастап жаңа №230 маршрут іске қосылады.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қалалық мобильділік басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, жаңа бағыт «Ақсай-1» шағынауданы аялдамасынан шығып, Төле би көшесі – Момышұлы көшесі – Райымбек даңғылы – Шымкент/Алматы тасжолы – Абылай хан даңғылы – Қаскелең қаласына дейін барып, әрі қарай айналма жолдан бұрылып, кері бағытта жүреді.

Желіде 10 автобус 13 минуттық жиілікпен қызмет көрсетеді.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛДЫ



Алматы қаласы көлік холдингінің ақпараты бойынша, 4 ақпанда сағат 12.00-ден 5 ақпандағы 8.00-ге дейін көркем фильм түсіріліміне байланысты №45, 95, 121 бағыттардың сызбалары уақытша өзгертін болады.



БАҒЫТТАР УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

№45 – шығыс бағытта – Тимирязев көшесі – Желтоқсан көшесі – Абай даңғылы – Достық даңғылы – бұдан әрі сызба бойынша, кері бағытта – Достық даңғылы – Абай даңғылы – Желтоқсан көшесі – бұдан әрі сызба бойынша;

№95 және №121 – шығыс бағытта – Сәтбаев көшесі – Желтоқсан көшесі – Абай даңғылы – Достық даңғылы – бұдан әрі сызба бойынша, кері бағытта – Достық даңғылы – Абай даңғылы – Желтоқсан көшесі – Сәтбаев көшесі – бұдан әрі сызба бойынша.

Фильм түсіріліміне байла-

нысты 4 ақпанда сағат 12.00-ден 5 ақпанда 8.00-ге дейін Назарбаев даңғылынан Желтоқсан көшесіне дейінгі Республика алаңы қозғалыс үшін уақытша жабылады.

Бұл жерде пиротехниканың, түтіннің және көпшіліктің көмегімен түсірілім болады, сол себепті қатты дыбыстар шығып, түтін болуы мүмкін. Фильмді шығаруға жауапты Компания жақын маңдағы үйлердің тұрғындарын ескертеді және ықтимал қолайсыздықтар үшін қала тұрғындарынан алдын ала кешірім сұрайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

№23 МАРШРУТ ЖОЛЫ БЕЛГІЛЕНДІ

10 ақпаннан бастап №23 бағыттың сызбасы өзгереді.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы өкілдерінің айтуынша, енді ол Сүйінбай көшесі бойымен жүріп Наурыз көшесі, одан Бірлік көшесіне бұрылады. Сол жерден кері бұрылып, қарсы бағытта қозғалады.

Ал қарсы бағытта Райымбек даңғылы бойымен №7 қалалық аурухананың аялдама пунктіне жетеді де, сол жерден кері бұрылып, қарсы бағытта қозғалады.

ЖӘРМЕҢКЕ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МАҚСАТ – ТАЗА ӘРІ САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕТКІЗУ

(Басы 1-бетте)

Бұл жәрмеңкеге Алматы облысының Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының шаруалары қатысты.

өнімі – 15 тонна, балық өнімі – 5 тонна, өзге өнімдер – 60 тонна.

– Апта сайын шатырлар қойылады. Төлемақысы айына 18850 теңге. Арнайы орындықтарын, орнын береміз. Мысалы,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ бөлім басшысы Ренат Рабатов:

Қала тұрғындарына 50-ден астам азық-түлік түрлері ұсынылды, оның ішінде ет, сүт, шұжық, ұн, май өнімдері мен дәнді дақылдар бар.

ОТАНДЫҚ ӨНІМНІҢ БӘСІ АРТАДЫ

Атап айтқанда, тұтас көлемі – 250 тонна, оның ішінде ет өнімдері – 40 тонна, жемістер мен көкөністер – 130 тонна, сүт

Алмалы ауданы жәрмеңкесінде 118 шатыр бар, – деді.

Жәрмеңкеге қойылған өнімдердің бағасы күнделікті нарықтан біршама арзан. Мақсат – тұтынушыларға таза әрі сапалы азық-түлікті жеткізу. Сондай-ақ, ортаға кісі түсірмей, тікелей алушыларға қолжетімді етіп, оңтайлы қылу. Соның нәтижесінде елдімекендегі шаруаның еңбегі еленеді. Отандық өнімнің бәсі артады.

ТҰТЫНУШЫ ПІКІРІ

КӨНДІМІЗДЕН ШЫҚТЫ

– Осындай кезде құр қалмай, елдімекеннен бірден жеткізілген заттарды байқап көру керек. Қанша дегенмен, таза өнім кім-кімнің де көңілінен шығары анық, – дейді қала тұрғыны Қайыркен Қайырбеков.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

РӘСІМ

«ОҢТҮСТІК» САЯБАҒЫ мемлекеттік меншікке қайтарылды

Алматыда «Оңтүстік» саябағының жер телімін мемлекеттік қажеттілік үшін қайтарып алу рәсімі аяқталды.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Бостандық ауданы тұрғындарымен кездесулерінің бірінде қала тұрғындарымен аталған жер учаскесін мемлекеттік меншікке алу және саябаққа абаттандыру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы бастама көтерілген болатын.

2022 жылғы 5 қазанда Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен әкімдіктің жер учаскесін мемлекет қажеттілігіне қайтару жөніндегі талабы қанағаттандырылды, өтемақы сомасы 2 338 817 000 теңге мөлшерінде айқындалды.



(сарапшылардың 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №5386 қорытындысына сәйкес). 2022 жылғы 22 желтоқсанда Алматы қалалық соты бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырды. 2023 жылғы 13 қаңтарда өтемақы сомасы «Jusan Property» ЖШС-не аударылды.

Қазіргі кезде Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы «Оңтүстік» саябағын абаттандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы

әзірлеу үшін қажетті құжаттарды дайындауда.

Естеріңізде болса, 2007 жылы Бостандық ауданындағы Си Синхай көшесінің оңтүстігінде, Жароков көшесінің шығысында (қад. №20-313-011-518) жер телімі көпқабатты тұрғын үй салу және пайдалану үшін «Turkuaz Invest» ЖШС жеке меншігіне берілген болатын (Алматы қаласы әкімдігінің 08.11.2007 ж. №9/1097-39 қаулысы). Кейін учаске «Jusan Property» ЖШС-не берілген.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТЕҢГЕ БАНКНОТТАРЫ туралы анимациялық бейнероликтер

Ұлттық валюта – теңге банкноттарының түпнұсқалығын тез және тиімді анықтау мәселелері бойынша жұртшылықты ақпараттандыру мақсатында ҚР Ұлттық Банкі теңгенің қорғаныш элементтері туралы оқыту анимациялық бейнероликтерін дайындады. Бейнеролик форматтары оларды әртүрлі СММ-көздер (әлеуметтік желілер, сыртқы жарнама, теледидар, қалалық орта-

ның қоғамдық орындарындағы LED-экрандар, оның ішінде қоғамдық көлікте, интернет-аландар) арқылы жылжытуға мүмкіндік береді. Бейнероликтің негізгі нұсқасының уақыты – 2 минут, 30 секунд, әрбір жеке банкнот бойынша қысқартылғаны – 15 секунд.

Бұл бейнероликтер мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде Ұлттық Банктің ресми



сайтында «Баспасөз орталығы және зерттеулер» «Медиа» бөлімінде орналастырылған, сондай-ақ Ұлттық Банктің YouTube арнасында бар.

Бейнероликке сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=hbno8agU_h8&list=PLnRVfDcrVUd1L6yRcvvNDd-9BQR6-D-hHS

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЗГИДРОМЕТ

БИЫЛ КӨКТЕМ ЕРТЕ ШЫҒАДЫ

Мегаполисте ауа температурасы қалай өзгереді?

(Басы 1-бетте)

Синоптиктер болжамы

Әділ Ахметовтың айтуынша, алдын ала болжам бойынша Алматыда көктем ерте шығады. Наурыздың бірінші онкүндігінде ауа температурасы +2 +7°C, күндіз +10 +15°C дейін көтеріледі деп күтілуде. Орташа алғанда ауа температурасы климаттық нормадан 1 градусқа жоғары болады деп күтілуде. Алматы қаласы бойынша 2023 жылдың наурыз айына арналған толығырақ болжам 15 ақпанда жарияланады (және он күндік және апталық болжамдармен жаңартылады).

Журналистердің сұрақтарына жауап берген Әділ Ахметов Алматыда ауа толқындарында жылылық сезіліп, ауасының температурасы айтарлықтай көтеріліп келе жатқанын айтты. 1976 жылдан бастап орташа жылдық температура әр 10 жыл сайын шамамен 0,5°C-қа көтерілді. Жылдың барлық айларында температура тұрақты түрде көтеріледі. Температура ең жоғары жылдамдықпен наурызда көтеріледі – 10 жыл сайын 1,3°C-қа, ал ақпанда – 10 жыл сайын 1,3°C-қа көтеріледі.



Су тасқыны қаупі болса, алдын ала хабарланады

«Қазгидромет» болжамына сай Қызылорда, Түркістан қалаларында қардың қарқынды еруі күтіледі. Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстарында жаңбыр және бұрқасын түріндегі қатты жауын-шашын болжамына, сондай-ақ температура фонының жоғарылауына байланысты дауылды ескерту жариялады, еріген және еніс ағынының қалыптасуы, мұз құбылыстарының әлсіреуі және өзендерде су деңгейі көтеріледі деп күтілуде.

Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, ақпан және наурыз айларында температурасының күрт көтерілуі және қатты жаңбыр салдарынан еріген жаңбырлы су тасқыны болуы мүмкін. Алматының оңтүстік жартысында ақпан айында жауатын жауын-шашын мөлшері нормадан жоғары болады деп болжануда.

Қардағы су қорының көлеміне, топырақтың күзгі ылғалдылығына, топырақтың қату тереңдігіне талдау жасай отырып, Алматы облысы су басу қаупі жоғары өңір ретінде алдын ала бағаланды.

Гидрометеорологиялық жағдай күрт өзгерген жағдайда «Қазгидромет» РМК су тасқыны қаупі туралы 2-3 күн бұрын дауылды ескертумен хабарлайды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының басшысы Алмат Жаныспаев барлық техниканың жарамды екенін, жеке құрамның болуы мүмкін су тасқыны кезінде жедел жұмысқа дайын екенін айтты.

Құтқарушылар ауа райының тосын мінезін ескеріп, «Қазгидромет» метеорологтарымен және «Казселденқорғау» мамандарымен үнемі байланыста.

Азаматтық қорғау подполковнигі Алмат Жаныспаев Алматы қаласы әкімінің төрағалығымен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және су тасқыны кезеңіне дайындық және Алматы қаласындағы гидротехникалық құрылыстардың жағдайы мәселелері бойынша комиссия өткенін айтты. Жиын қорытындысы бойынша қала әкімі бірқатар тапсырмалар берген.

«Қазгидромет» РМК Алматы қаласы бойынша филиалының гидрометеорологиялық мониторингінің мәліметтері бойынша 2022 жылдың 1 қазанынан бастап жауған жауын-шашын мөлшері 226 мм болатын нормадан сәл асқан – 260 мм, бұл нормадан 13 пайызға артық, Алматы қаласында топырақтың қатуы 37 мм нормада 44 см құрайды (бұл жағдайда орта таулы аймақтарда қату 30 см-ден аспайды, бұл қалыпты шектерде). 31 қаңтардағы қар жамылғысының биіктігі 35 см, яғни қалыпты жағдайда (максималды мәндер 2018-2019 жылдары байқалған – 100 см-ден астам), ылғал қоры 57 мм, норма бойынша 76 мм (-25%).

ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ

Алматы құтқарушылары су тасқыны мәселесін бақылауда ұстап отыр



МАМАН ПІКІРІ

Су арналары – назарда

Жүйелі мониторингті ұйымдастыру және су тасқынының салдарын алдын алу және су басу зардаптарын жою шараларын әзірлеу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп комиссиялық зерттеу жүргізіліп, оның барысында су басу қаупі бар 102 аумақ анықталды.

«Бүгінгі таңда 62 мекенжайда канал желілерін қайта жаңарту және салу жұмыстары аяқталды, бұл 49 учаскедегі қауіп-қатерді жоюға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта 7 учаскеде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, олар осы жылдың наурыз айының соңына дейін аяқталады», – деді спикер.

Алмат Жаныспаев 2021 жылы «Су тасқынына қарсы 2021–2023 жылдарға арналған іс-шаралар кешені» республикалық жол картасы бекітілгенін, оған сәйкес Алматыда 4 іс-шара қарастырылғанын еске салды. Бүгінгі күні Кіші Алматы, Тіксай, Есентай және Жарбұлақ өзендері арналарының жекелеген учаскелерін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды.

Техника тас-түйін дайын

Қазіргі таңда аудан әкімдіктері арықтар мен өзен арналарын қар мен мұздан тазарту жұмыстарын қарқынды жүргізіп жатыр. Арық жүйесінің жалпы ұзындығы 1300 шақырымнан асады. Бүгінгі таңда 460 шақырымнан астам жер тазартылды.

«2023 жылғы болуы мүмкін су тасқынымен күреске Алматы қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшелері мен Алматы қаласының азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдарының жалпы саны 1609 адам бар, әртүрлі мақсаттағы 618 бірлік техника, 85 мотопомпа, сонымен қатар 99 бірлік автономды электр станциялары бар», – деп толықтырды Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің өкілі.

Қалалық азаматтық қорғау қызметтеріне 13 700 қап пен 590 тонна инертті материал сатып алынды. Наурыз айында қалада «Көктем–2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтеді, осы оқу-жаттығулар аясында қаланың өзендер мен арна жүйелерін қар мен қоқыстан тазарту бойынша қосымша жұмыстар жүргізілмек. Жалпы, алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық басқарманың ерекше бақылауында.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының басшысы Алмат Жаныспаев азаматтарды «Дәрмен» мобильді қосымшасы арқылы келіп түсетін дауылды ескертулер, ауа райы болжамы, таудағы қар көшкінін алдын алу және т.б. ақпараттарды дер кезінде алуға шақырды.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ҚАУІПСІЗДІК

Алматы қаласы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күштер мен құралдар топтамасы алдын ала құрылды:

Алматы қаласы әкімінің өкімімен 17 азаматтық қорғау қызметі құрылды, оның ішінде 10 қызмет көктемгі кезеңдегі ТЖ жоюға тартылуда.

Топтастыру мыналардан тұрады:



1 609 адам



618 техника



5 жүзу құралдары



85 мотопомп



99 бірлік автономды электр станциялары

Инертті материалдар дайындалды:



590 тонна инертті материалдар



13,7 мың қап



«Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

САЙЛАУ – 2023

ЖҮЙЕ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Соның басым көпшілігі халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыруға негізделген. Жаһандық геосаяси жағдайға қарамастан тұрақтылық пен толеранттылық сақталып тұр. Бұл ішкі және сырты ахуалдың оңтайлы жолға қойылғанын аңғартады. Дейтұрғанмен, қол қусырып, жай отыруға болмайды. Мейлінше елді дамытудың жаңа мүмкіндіктері мен тың тетіктерін қарастырған жөн.



XXI ғасыр – адамзаттың алтын ғасыры. Мұнда ғылыми прогресс тез қанат жаюда. Соның арқасында мүмкін еместей көрінген өркениет жаңалығы іс жүзінде іске асуда. Дүние жүзінің алпауыт державалары жасанды интеллект пен адами құндылықтарды қатар дамытқанды қалайды. Осы екі шылбырды тең ұстау бәріне мақсат. Бұл жағынан Қазақстан қалтарыста қаңтарылмады. Қайта таза, қуатты, әділ мемлекет болуға ұмтылуда. Бұны одан әрі құлашын жайдыра түсу үшін елге белгілі азаматтардың тіл қатуы, ұсыныс білдіргені маңызды. Осыған орай, экономист, қоғам белсендісі Бекнұр ҚИСЫҚОВТЫ әңгімеге тарттық.

ТЕҢ МҮМКІНДІК

Дүниеде қолынан іс келетін, озық ойлы адамға мүмкіндік көп. Істің көзін тауып, қаржыны еселеймін десе, өз еркі. Тек талмай әрі нәтижелі тірлік қыла білсе болды. Нарықтық экономиканың заманында қаржы табу аса бір бас қатыратын нәрсе емес. Ең бастысы, әділ һәм тең дәрежеде бәріне көңіл бөлсек, озамыз.

Әділетті Қазақстан – көп функциялы. Мұны дамытудың сыры да, қыры да бар. Даму мен өркендеудің алғы шарттарын ұсынайық. Қолдан келген мүмкіндікті жасайық. Ауызды ашып, айға қарап отырмайық. Жиі айтылатын сөз бар. Яғни сырттан келіп ешкім бізге бәрін жайнатып бермейді. Оны жасайтын осы елдің азаматтары. Сондықтан әр игі істі бастарда білек сыбанайық.

Бір нәрсені шегелеп айтқым келеді. Әділ қоғам орнасын десек, әр Қазақстан азаматы тең болуы керек. Оны қоғамдағы статусымен, жас, кәрі немесе әйел деп бөлмейік. Қырық түрлі қылық танытып, алақандай жұрттың жіктелгенін қаламаймыз. Барынша бір жұдырық болып жұмылайық. Қолдан келген жақсылықты елге берейік. Берекелі істің басы-қасынан табылайық. Бұдан артық аксиома жоқ. Осыны бір ретке келтіріп, жүйелеп саралаған дұрыс. Әйтпесе, ілгерілеуге шылау көп жабысады. Ал ондай ымырасыздық опа бермейді. Сол себепті, әділет сөзі әркімнің жүрегіне жетуі қажет. Сонда ойға алған істің басы көрініп, көпке жағады.

ОҢ НӘТИЖЕГЕ ҰМТЫЛЫС КЕРЕК

Жаһан державаларының күш-қуаты мығым. АҚШ, Еуропа елдері дүниеде үлгі болуға тырысады. Адам капиталын тиімді пайдаланады. Ішкі нарықты қамтамасыз ете білген. Сыртқа экспортты мол тасымалдайды. Көліктік логистикалық инфрақұрылымды әлдеқашан жаңартқан. Осындай ауыз толтырып айтатын жетістіктерге 2-3 ғасыр бұрын ие болған. Олардан асу үшін 2 есе қимыл керек болып тұр.

Қазақ елі – жас мемлекет. Тарихта өзін дәлелдегендермен иық тірестіріп келеміз. 200–300 жыл бұрын өркениет даңғылына түскендердің қатарында болу оңай шаруа емес. Ұдайы экономикалық потенциалды көтеру қажет болады. Онсыз ілгері басу мұң. Алайда, еңсені түсіруге болмайды. Лажы келсе, оң нәтижеге жететіндей қимылдай берейік. Ол үшін бай мен кедей арасын алшақтатып алмайық.

Шетелде халықтың тұрмыстық көрсеткіші орта кластермен өлшенеді. Мәселен, жан басына әр айда 2-3 мың доллар жеткілікті болса, соны 12 айға шағып ортақ есебін шығарады. Сонда 1 жылда бір отбасы шамамен алғандағы көрсеткіші пайда болады. Бұл жағын нақты есептеу, статистикалық, қаржылық мониторинг мамандарының еншісінде. Бірақ қарапайым есеп, ұғынуға жеңіл есеп осылайша өріледі.

Біреудің еншісіне шамадан тыс дүние бұйырып, шалқыса, екінші біреу несиеге



батып, ипотекасын төлей алмаса, осы әділеттілік пе?! Әрине, мұндайға ендігі жерде жол бермейік.

Біздің қасиетті Отанымыздың байлығы халыққа тиесілі. Оның ішіне жерасты, жерүсті байлығы түгел кіреді. Мұның тиімділігін, пайдасын әрбір азамат көруі керек. Бұны реттеуші, тең үлестіруші жүйе жұмыс істеп келеді. Бұл бағытта атқарылып жатқан шаруа жетерлік. Соңғы кездері жақсылық, әділдік орнап келеді.

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Әр қоғамның қозғаушы күші – жас-тар. Соның ішінде креативті ойлайтын, бойында отанышылдық рухы жоғары жандарды қатты бағалайық. Өйткені, жас адам жас кезінде барынша максималист болады. Кез келген қиындықты елемейді, ештеңеден тайсала қоймайды. Олардың қуаты мен ақыл-ойы зор пайда. Өмір үлкен тәуекелдерден тұрады. Ал тәуекел еткендер топ жарайды.

Елімізде жастарға мүмкіндік баршылық. Қолынан іс келетіндер көп бастауда. Жаңа технология, IT, роботтехника жасау ісі алға шықты. Түрлі смартфон қосымшалары, жеткізу қызметін жасап жүрген де жастар. Бүгінгінің жас азаматтарына көңіліміз толады. Біз 3 тіл білеміз. Ал кейбір қарақөздеріміз 5-6 тілді еркін меңгерген. Судай сырғытып сөйлегенде таңқаласыз. Есеп-қисапқа жүйрік. Компьютерді жетік біледі. Технологияға бейім. Бір сөзбен айтқанда, оларға қарап әуесің кетеді.

Патриот – ұлы тұлға. Біздің жастарға аса қажет дүние, ол – отаншылдық рух. Бұған бей-жай қарауға болмайды. Балаларымызды кішкене күнінен кітап оқуға баулыған абзал. Смартфонға елендеп, оқу-білімді ысырып қойып жатырмыз. Бар қызық интернетте емес. Ішіне кірсеңіз, шатасасыз. Қайдан кіріп, қайдан шыққаныңызды білмей қалатын кез де болады. Фейк ақпараттар қаптап жүр. Осы ретте өрмекші құрал бар. Тағы қайталап айтам, ол – кітап. Адами құндылықтар алға өрлеуі шарт.

Бұл дүниеде ақша табылады. Экономиканы өркендеуге аласыз. Тек қана осының тетігін тауып, істің көзін білсеңіз болды. Ал интеллект қалыптастыру оңайға түспейді. Ұзақ процесс болуы ықтимал. Ең бастысы, ұлттық идеологияға бет бұрайық.

Алаш ардақтыларын жиі айтамын. Ескі замандағы батырлар кезеңіне кетпей, бүгінгілердің ерлік істерін ұмытпайық. Абай, Ыбырай, Шокан сынды дара тұлғаларымыздың салып кеткен сара жолы ғажап деп білеміз. Жас өрендер ұлттық әдебиет, шежіре, фольклорлық аңыз-әфсананы біліп, сусындап өссе екен.

Балаларымызға арнап ұлттық руханиятымызға бейімдеп анимация, балалар көркем фильмдерін түсірейік. Балапандарымыз өзіміздің баһадүр бабаларды ұлықтап, тұлғаларымызға қарап бой түзесін. Қазір әлеуметтік желі, YouTube, түрлі сайттарда сырттың балаларға арналған мульт топтамасы толып жүр. Одан да отандық анимацияның тамырына қан жүгіртіп, бүлдіршін психологиясына кері әсер ететін дүниені тоқтатайық. Сонда ғана бір жыртығымызды жамап, айбынды іс қылғандай боламыз.

САЙЛАУДАН ҮМІТ ЗОР

Әлемде сайлау науқаны әртүрлі өтеді. Бірі алаулатып, жалалаулатып өтеді. Ендігісі тып-тыныш, үнсіз-түнсіз өткенін көздейді. Ең бастысы, ел тізгініне отаншыл, өз туған өлкесін сүйетін, іскер азамат сайланғаны абзал.

Сайлаудың әділ өтуі ең өзекті мәселе. Соңғы кездері жүйенің жаңарып жатқандығын байқаудамыз. Елге белгілі тұлғалар тізгінді қолға алуда. Бұйырса, Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі сайлауы өтеді. Ол 19 наурызға белгіленді. Бұған да көп уақыт қалған жоқ. Бұл жолғысы бұрынғысынан өзгереді. 70%-ы партиялық тізім, 30%-ы мажоритарлық бір мандатты жүйе бойынша өтеді. Сонысымен де ерекше болайын деп тұр.

Өңірлердегі мәслихат беделі артып келеді. Бұған сайланатын депутаттар өңір, қала аумағындағы өзекті дүниені көтереді. Жалпы халықтың өкіліне қойылатын негізгі талап, ол – әділдік. Осы қағидадан аттамаса болды. Біз үнемі жетуді, солар сияқты болуды көксейтін, жаңа технологияның атасына айналған Жапония сияқты боламыз. Тіпті, Араб эмираттары сынды өмір сүруге толық мүмкіншілігіміз бар. Менделеевтің химиялық элементтерінің 99%-ы бар. Сондықтан жастар, әйелдер, үлкендер сияқты бірнеше топ өкілдері халықтың мұң-мұқтажын ұдайы мінбердегілерге жеткізіп отыру керек. Сонымен бірге, түйткілді шешуге үлес қосса, шаруа өнеді.

ТҮЙІН:

Қасиетті Қазақ елінің болашағын ойлауды бір сәтке қалтарысқа қалдырмайық. Заман дамыса, шаңын жұтпайық. Қайта көшін бастайық. Бірнәрсе анық. Елді көтеретін қазақы рухтағы әділ азамат. Ұлттық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастыратын күн жетті. Қазақ мемлекеті әрдайым ғаламның дамыған елдері қатарының басында болғай!

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘУЕЗДІ ӘН КЕШІ

«АМАН БОЛШЫ, АҒАЙЫН!»

Сағынышқа толы лирикалық әндер жазған, өзінің қоңыр үнімен халықтың жүрегіне жол тапқан
Алтынбек Қоразбаевтың өнерден ойып алар орны бөлек

Республика сарайында Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әнші-композитор Алтынбек Қоразбаевтың 75 жас мерейтойына арналған шығармашылық кеші өтті. Әуезді ән кеші Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың атынан жолданған Құттықтау хаттарды оқып, мерейтой иесінің иығына шапан жабумен басталды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған шығармашылық кешті әншінің құрдасы Тұңғышбай Жаманқұлов пен шәкірті Тоқтар Серіков жүргізді.

Өнер мен мәдениет саласын өркендетуде елеулі үлес қосып келе жатқан көрнекті композитор, белгілі қоғам қайраткері Алтынбек Қоразбаевтың мерейтойлық концертіне өнерсүйер қауыммен бірге Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, сондай-ақ өнер тарландары мен зиялы қауым өкілдері келді.

Заманауи технологиялардың көмегімен ерекше безендірілген әдемі сахна төріне көтерілген Алтынбек Қоразбаев алдымен ұлы күйші, дәулескер домбырашы Нұрғиса Тілендиевті өзінің ұстазы санайтынын айта келіп, шығармашылық кешіне келген көпшілікке алғыс білдірді.



Кеш барысында үлкен экраннан әншінің халық арасында кеңінен танылған әндерінің дүниеге келу тарихына тоқтала отырып түсірілген «Ақ дегелек» деректі фильмінен үзінділер көрсетілді. Мақпал Жүнісова, Бағдат Семединова, «МузАРТ» тобы, Тоқтар мен Бейбіт, Алма Аманжолова, Әлішер Кәрімов, Ернар Айдар, Төреғали Төрәлі, Қырғызстаннан келген әншілер және өзге де эстрада әншілері Алматы аспанын әнге бөлеп, Алтынбек Қоразбаевтың «Ай-хай, 25!», «Сағындым Кенен атамды», «Әугу-гай, домбыра», «Сағындым Алматымды», «Ақмоншақты ауылым», т.с.с. көптеген әндерін нақышына келтіре орындады.

Ал Асанәлі Әшімов атамыздың ұлы – кіші Асанәліге арнап айтқан «Құлыным» әні тыңдарманның көңілін толқитты. Ән аяқталғаннан соң мерейтой иесін құттықтаған Асанәлі аға: «Қазақ ағасының киімін інісі киеді. Мен мына шапанымды өзіңе сыйлаймын» деп өзі иығына жамылып шыққан шапаның қағып-қағып жіберіп, мерейтой иесінің иығына жапты. Актерлік шеберлікпен айтылған әдемі әзіл көрерменнің ду қол шапалақтауына ұласты. Сағынышқа толы, лирикалық әндер жазған, өзінің қоңыр үнімен халықтың жүрегіне жол тапқан Алтынбек Қоразбаевтың өнерден ойып алар орны бөлек. Оның шығармашылығында қазақ халқының басынан кешкен тауқыметі өзіне лайық бейнесін тапқан. Өткен ғасырда елге тез тараған «Қара шал», «Қара кемпір», «Қара пима» әндері бұл сөзімізге дәлел. Сазгердің концертінде «Қара шал» әнінің желісімен дайындалған «Қарттар үйі» жайындағы көрініс те көрерменге ерекше әсер етіп, тіпті, кейбірінің көзіне жас алдырды.

Залда ине шаншар жер болмады. Халықтың ыстық ықыласына бөленген өнер иесіне деген құрметті біз көпшіліктің үздіксіз соққан қол шапалақтауынан да байқадық.

Концерт соңында Мемлекет басшысының атынан ықылас гүлін алған Алтынбек Қоразбаев барлық әншілермен бірігіп «Аман болшы, ағайын» әнін шырқады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕРЕКЕЛІК СҰХБАТ

Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ:

Қазақ әуенін әуелетер жастарымыз көбейе берсін!

Әуезді әндерімен халықтың сүйікті әншісіне айналған Алтынбек Қоразбаев 75 жасқа толды. Ағамыздың мерейтойына орай Республика сарайында жеке шығармашылық кеш ұйымдастырылып, өнер сүйер қауымды бір қуантты. Жеке ән кешінде әншінің шәкірттері, үзеңгілес жолдастары өнер көрсетті. Концерттік бағдарлама қызықты сәттерімен ел жадында сақталып қалды. Мерейлі мерейтойының қарсаңында Алтынбек Қоразбаевпен сұхбаттасып, шығармашылығы жайлы ой бөліскен едік.

– Аға, соңғы уақытта сахнадан көрінбей кеттіңіз. Шығармашылығыңызда қандай өзгерістер орын алып жатыр?

– Жастың аты – жас. Оны мен әрқашан бүкпей, жасырмай айтамын. Сахна деген жастықты сүйеді. Қарап отырсам, 50 жыл болды менің сахнада жүргеніме. Өнер иелерімен таласып, жасым 70-тен асқаннан кейін сахнаға шыға беру шынында да әдептілікке жатпайды. Менің шәкірттерім, балаларым, жастар шықсын сахнаға. Мен осыны құп көремін. Ал енді шығармашылық демекші, мен ай сайын, апта сайын ән жазып жатқан жоқпын. Бір әнімді бір адамға сатпағанмын. Керісінше, тегін беремін. Сол әнді жарыққа шығаруына қаржылай болса да көмек көрсетемін. Кейінгі кезде көп ән жазған жоқпын. Осы соңғы 3 жылда жазған бір әнім бар. «Жетісу жердің жанныаты» деген бір ән жаздым. Ол әннің сөзін Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, акын Бақыт Беделхан бауырымыз жазды. Алдағы уақытта тыңдармандарға ұсынамыз деген үміттемін.

– Халқыңыз мәнді, мағыналы әндеріңізді сағынып қалды. Алдағы уақытта осындай әдемі әндер жарыққа шыға ма?

– Жас кезімде халқыма моральдық, материалдық тұрғыдан, рухани жағынан барымды бердім. Мысалға айтар болсам, менің қара туралы айтқан 4-5 әнім бар ғой. Соның бірі – 40 жыл бұрын жарық көрген «Қара кемпір» туралы әнім шыққанда, ел дүр сілкінді. Бұдан бөлек, халықтың сүйікті әніне айналған «Қара бала», «Бозторғай» әнін Мейрамбек орындағанына 30 жылдан асып кетіпті. Ол кездерде ұялы телефон жоқ. Сонда түрлі хаттар алдым. Мына өзіміздің қарақөз қарындастарымыз жетімханаға тастап кеткен жеткіншектерін қайтып алған. Ұлықбек Есдәулеттің сөзіне жазылған «Қара пима» әні шыққанда, ер-азаматтарымыздың біразы «ақ суды» қойды. Мысалға айтайын, Шымкент қаласында әкімдік лауазымына дейін көтеріліп бара жатқан бір азамат «ақ суға» салынып кеткен еді. Осылайша ұйып отырған отбасынан айырылған. Қызметінен де қуыл-

ған. 1997 жылы Алматыда өткен концертке кездейсоқ кіріп қалады. Қолында ащы суы бар. Концертте әнші Алма Аманжолова «Қара пима» әнін орындайды. Содан әлгі азамат боздап тұрып жылайды: «Мен неге ақ суды іштім? Не үшін іштім?», деп, арақты қойып кетіп, қайтадан отбасына қосылады. Қайтадан қызметіне оралады. Сол азамат маған кейде хабарласып, рахметін айтып отырады. Міне, осындай бір әннің әсер еткенін естіп, жақсы жакқа өзгергенін көріп, бір қуанып аламын. Ендігі кезек жастарымызда. Мен олардың да мәнді де мағыналы әндер шырқап, халыққа ой салар туындылар шығаратынына сенімім мол.

– Шәкірттеріңіз «Алтынбек Қоразбаевтың шәкірті болу – жәй ғана ән айту емес, жүгі ауыр аманат» деген екен. Қазіргі уақытта немере, шөбере шәкірттеріңіз бар шығар.

– Баурайыма Мейрамбек, Тоқтар, Алма сынды көптеген шәкірт жинадым. «Қазақстанның бұрыш-бұрышында шәкірттерім көп» деп зор мақтанышпен айта аламын. Осы шәкірттерімнің барлығы дерлік «Алтын домбырадан» шыққан менің ізбасарларым. Кейіннен «МузАРТ», «Меломен» тобы бар – барлығы менің маңдай терім сияқты. «Меломен» тобын немерелерім деп санаймын. Нұрболат Абдуллиннің өзін Ұзынағашта мәдениет үйінде ән айтып жүрген жерінен алып келдім. Астанада Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен жарыс ұйымдастырылғанда, мен қазылар алқасының мүшесі болып отырдым. Ол бала сол жарысқа қатысып, бас жүлдеге ие болды. Бірден Нұрболатты Қазақконцертке жұмысқа алдым. Роза Рымбаева, МузАРТ, Мақпал Жүнісованың қасында жүру оңай емес қой. Солай, ол бала шында-лып, қазір қазақ халқына белгілі әнші болып отыр. Менің ондай шәкірттерім өте көп. Нұрболат Абдуллин соның бірі ғана.

– Қазақ эстрадасы жайлы ойыңыз қандай? Қазақ әндерін әлемге әуелетіп жүрген іні-қарындастарыңызға айтарыңыз бар ма?

– Бүгінде шетелде өз өнерімен әлемді тамсандырып, ерекше ілтипатқа ие болып жүргендер жетерлік. Оның бірі де бірегейі «Дайдидау» әнімен қазақтың қоңыр үнін әуелеткен Димаш баламыз. Құдайға шүкір, қазақ бар жерде, қазақ эстрадасы ешуақытта өлмейді. Керісінше, уақыт өткен сайын танымалдылығы артып, үлкен сұранысқа ие болары сөзсіз. Қазіргі жастарға сенім артатын, мәнді де мағыналы әндерімен халықтың қошеметіне бөленері сөзсіз. Өзім де өнер жолында шәкірттер тәрбиеледім ғой. Мінеки, олар да бүгін аға буынға айналды. Ұрпақтар сабақтастығы сақталып, қазақ әуенін әуелетер жастарымыз көбейе берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

МУЗЫКАЛЫҚ КЕШ

Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында күйші Қошқарбек Тасбергеновті еске алу мақсатында «Қазақтың қайталанбас күй қыраны» атты дәстүрлі музыкалық кеш ұйымдастырылды. Күйді жан-тәнімен түсініп, жүрегімен түйсінген қайраткердің еңбектерін өнерпаздар орындап, көрермен көңілін бір серпілті.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Қазақ күй өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып, жас өнерпаздарды тәрбиелеуде еселі еңбек атқарған Қошқарбек ағамыз жадымызда мәңгі сақталады. Бүгін міне, ағамыздың өмірлік серігі бола білген қоңыр домбырасын мұражай қорына өткізбекпіз. Музей өткеніміз бен болашағымыздың арасындағы алтын көпір. Қошқарбек ағамыздың жүріп өткен жолы, шығармашылығы, күйлері болашақ ұрпаққа мирас болып қалары сөзсіз. Ағамыз жеті-ақ нотаның құдіретімен қазақтың әуенін әлемге әйгілі етті», – дейді Алматы қаласы музейлер бірлестігі директорының даму жөніндегі орынбасары Қайрат Тарбаев.

Кеш барысында мәдениет қайраткері, Н.Тілендиевтің шәкірті, «Әлқисса» домбыра студиясының жетекшісі Қанатбек Сәден жас өнерпаздарымен күйшілік өнерлерін ортаға салды.

Қазақтың болмысымен біте қайнасып



кеткен Тасбергенов домбыраны шетел сахналарында шертіп, әлем халықтарының назарына іліккен. Шетелдіктер оның алдында осынау қос ішекті аспаптан қалайша үн шыққанын түсінбей, таңдай қағысқан деседі. Қошқарбек Тасбергенов ноталарды шебер меңгерген. Күй тартуда ерекше шеберлігін жастайынан танытып, алдыңғы буын ағалардың назарын өзіне аударуға тырысқан.

«Қошқарбек ағамыз 20 жылдан астам уақыт Құрманғазы оркестрінде тынбай еңбек етті. Жастайымыздан

осы кісінің ұстаздық тәлімін көріп өстік. Бірге жүріп талай мәрте әңгімелескен едік. Сонда ағамыз қазақ халқының күйшілік өнері жайлы сөз қозғайтын. Қазақ өнеріне ерекше жанашырлық танытатын. Аз ғана ғұмырында күйшілік өнер, домбыра жайлы кітаптар жазып қалдырды. Ол кісі өз заманының заңғар дирижері болды. Нұрғиса Тілендиевтің сүйікті шәкірттерінің бірі бола білді. Ағалық мейірімі мол, домбырашы жігіт көрсе, қасына ертіп, өз білгенімен бөлісетін», – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертанушы Ерболат Мұстафаев.

ген қайраткері, өнертанушы Ерболат Мұстафаев.

Домбыра тартқан тартысымен екі ішектен бүтін бір ұлттың болмысының көрінісі, күйшінің сезімі – бәрі-бәрі үйлесім тауып, бір күйдің айналасында тоғысатын. Қысқа ғана ғұмырында өнер әлемінің биік шыңына самғай білген Қошқарбек Тасбергенов жайында әлі талай айтылары да, жазылары да сөзсіз. Біздің айтарымыз, қазақтың күй өнерін жалғайтын, осындай дарындардың ізін басар, қадамын жалғар өнерпаздар көп болса екен.

КӨРМЕ



«КИЕЛІ САХНА – АСЫЛ ҚАЗЫНА»

Алматы музейінде мегаполистің театр өнеріне арналған көрме ашылды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы – Қазақстанның мәдени астанасы ретінде мойындалған. Біздің шаһарда 200-ден астам мәдениет ошағы бар болса, оның оншақтысы театр. 1928 жылы Алматыда Қызылорда қаласынан көшіп келген қазақ драма театры ашылды. Қазір М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрының репертуарында әлемдік және қа-

зақ драматургиясының 70-тен астам қойылымы бар. Ал Ұлттық опера және балет театры тарихтағы алғашқы парағын 1934 жылы ашты. Бүгінде бұл мәдени ошақ та еліміздің мәдени игілігіне айналып отыр.

Қаланың мәдени өміріне М.Лермонтов атындағы орыс драма театры да үлкен үлес қосып келеді. Корей және ұйғыр музыкалық комедия театрлары, неміс драма театры да абыройлы қызмет етуде. Жас ұрпақ Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының және Н.И.Сац атындағы орыс мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының қойылымдарын зор сүйіспеншілікпен қабылдап жүргеніне де сенімдіміз.

Алматы музейінде ашылған көрмеге М. Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында өшпес ізі, өзіндік қолтаңбасы қалған танымал актерлер – Әнуар Молдабеков пен Хабиба Елебекованың сахналық костюмдері қойылған. Сондай-ақ, көрмеге Алматы музейінің қорынан алынған белгілі театр суретшілері И.Бальхозиннің, Т.Афанасьеваның, В.Пономаревтің, Е.Тұяқовтың, Л.Кужельдің және т.б. өнер өкілдерінің бірегей эскиздері, сирек кездесетін фотосуреттер, афишалар ерекше театрлық атмосфера беріп тұр.

Рухани қуат алғыңыз келсе, Алматы музейіне келіңіздер. Көрме 15 ақпанға дейін ашық.



ЖҮЛДЕ

ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ӨНЕРІ

дүйім жұртты таң-тамаша етті

Германияның Бремен қаласында Еуроодақ мемлекеттерінің арасында театр фестивалі ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шарада сексеннен аса театр ұжымы бақ сынасты. Конкурс нәтижесінде қазылар алқасы тоғыз мемлекеттің қойылымын таңдап алды. Солардың ішінде Алматыдағы Өнер академиясының 4-курс студенттерінің «Физикалық театр әртісінің» дипломдық қойылымы ерекше тандалып, жүлдегер қатарына енді.



өнері дүйім жұртты таң-тамаша етті. «Актер шеберлігі» бойынша төрт жыл бұрын ашылған жаңа мамандандыру «Физикалық театр әртісі» кәсіби білімі біздің елімізде бүгінгі күнге дейін болған емес, әрі аталмыш театр Орта Азия мен Қазақстанда көрермендеріне шымылдығын ашпаған.

«Он бір студенттің еңбегі сонау Еуроодақ мемлекеттерінің арасында 3-орынды иемденуі біздің театр мектебіміздің, академия ұжымының шығармашылықтағы жастарды тәрбиелеу еңбегінің үл-

кен жетістігі деп бағалаймыз. Әр мемлекеттен жиналған қазылар алқасы спектакльдің пластикалық үлгі табысына жеке диплом ұсынды. Сондай-ақ, «Ерзамұс» ұйымының есебінен ұстаздарды әрі қарай жетілдіруге үш грант (Мадрид қаласына қыркүйек айында баруға) арнайы бөліп сыйлады. Үш гранттың ерекшелігі – жолы, орны, тамағы тегін. Бұл да жастарымызды жігерлендірді. Бізге қаражат бөліп, демеуші болған компанияларға алғысымыз зор», – дейді Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры Аман Құлбаев.

Сексеннен астам театр ұжымының ішінен суырылып шыққан жастардың

«Біз Еуроодақ мүшесі болмасақ та, классикаға айналған У.Шекспирдің «Гамлет» қойылымымен назарларына іліккенімізді, арнайы шақыру жібергендігін фестиваль иелері ашылу рәсімінде тілге тиек етті. Алыс сапарға шығуға қаражаттан қысылғанымыз жасырын емес, жастардың қатысуға деген ынтасы мол болды. Басқа ұлттардың сахналаған қойылымдарын көріп, орындаушыларымен сұхбаттасып, ой бөлісу болашақ мамандарға үлкен мектеп екені хақ», – дейді Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА профессоры Аман Құлбаев.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ – 110

ҰЛТ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН БАСЫЛЫМ

Осыдан дәл жүз он жыл бұрын қазақ даласының үніне айналған, азаттықтың алғашқы қоңырауы атанған «Қазақ» газетінің ең алғашқы саны 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көрген еді.

Осынау айтулы оқиғаға орай Ұлттық кітапханада «Ұлт рухын асқақтатқан басылым» атты республикалық конференция өтті. Осынау айтулы шараға арналған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің құттықтау хатын жиналған қонақтарға вице-министр Қанат Ысқақов оқып берді. Конференцияны Алматы қаласы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі, әдебиеттанушы Мамай Ахетов ашып, жүргізіп отырды. Сонымен, осыдан дәл 110 жыл бұрын жарық көрген «Қазақ» газетінің қиындықтарға қарамастан сол кездегі таралымының 6 мыңнан асуы бүгінгі ақпарат заманында қол жете бермейтін мүмкіндік екені баса айтылды. Қазақ даласынан асып, Қытайдың Шыңжаң аймағына, Қоқанға дейін тараған газеттің сол кездегі атқарған мақсаты да, міндеті де айқын болды.



Алғашқы сөз кезегін алған тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелді көпшілік біле бермейтін тың деректермен таныстырды. Қазақ тарихын зерттеуде аянбай еңбек етіп, тер төгіп келе жатқан тарихшы Орынбор архивіндегі №21 жандармерия мен №2 генерал-губернатор канцеляриясы қорларында газетті басып шығаруға генерал-губернатор Н.Сухомлиновтің рұқсат беру құжатынан бастап, Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазған газеттің 13 пункттен тұратын бағдарламасына дейінгі іс қағаздарының сақтаулы тұрғанын жеткізді. «Осы құжаттардан газет 1913 жылы 2 ақпанда жарық көрсе де, 5 ақпаннан бастап бақылауда болғанын көруге болады», – деді ол.

Қазақ даласын еркіндіктің желіндей ескен «Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы басылымды жарыққа шығарудағы ең басты 4 маңызды міндетті:

«Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды... Екінші газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртінші газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады», – деп жазған екен. Осынау ұлт зиялылары бас қосқан жиында Ахаңның осынау қанатты сөздері тағы да жаңғырды. Жаңғырық емес, жалын болып естілді.

Қазақ даласының үні болған «Қазақ» газетінің тарихы, деректер мен дәйектер туралы Қазақстан Журналистер академиясының президенті, тарих ғылымының докторы Сағымбай Қозыбаев, Әбдіжәлел Бәкір, Хангелді Әбжанов, филология ғылымының докторы Ғарифолла Әнес, филология ғылымының докторы, профессор Бағдан Момынова, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, ахметтанушы Райхан Имаханбет, тарих ғылымының докторы Светлана Смағұлова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Елдос Тоқтарбай және т.б. ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері сөз алып, тың ұсыныстарын ортаға салды. Конференция жұмысының соңында 2006 жылдан бастап жазушы, марқұм Қоғабай Сәрсекеев қайтадан шығара бастаған газеттің бүгінгі редакциясының қызметкерлері мен авторларына «Қазақ» газетіне – 110 жыл» естелік медалі табыс етіліп, Алғыз хатпен марапатталды.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

мектептерді әлемдік стандарттарға сәйкестендіреді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған дәстүрлі Жолдауында білім жүйесіне ерекше басымдық беріп отырады.

Ел Президенті өзінің кезекті Жолдауында 2025 жылға дейін 1000 мектеп салу туралы тапсырма бере келе, «Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Дәл қазіргі уақытта 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін», – деген еді.

Сонымен қатар, Президент еліміздің ертеңі үшін қолға алынып жатқан мектеп құрылысын салуға тек мемлекеттік бюджетті ғана емес, жеке секторларды да тарту қажет екенін баса айтты. Еліміздің өркендеп, көркеюі бүгінгі ұрпаққа тікелей қатысты. Сондықтан баланың жан-жақты білім алуына барынша жағдай жасалуы керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолға алынып отырған бірегей Ұлттық «Жайлы мектеп» жобасы 2030 жылға дейін жоспарланып отыр. Қазіргі таңда Алматы қаласында да «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы бойынша 37 100 баланы қамтитын 22 мектептің құрылысы басталмақшы. Қазірдің өзінде осы мектептердің орны белгіленіп, құрылысы қолға алынып жатыр. Аталмыш жобамен қатар, Алматы қаласында «1000 мектеп» жобасы да жүзеге асып жатыр. Бұл жобамен сәтін салса, 2023–2025 жылдар аралығында 27 150 оқушыны қамтитын 36 білім нысаны бой көтеретін болады. Мәселен, Алатау ауданында 5 мемлекеттік мектеп, Наурызбай ауданында – 3 мемлекеттік, 2 – жекеменшік, Бостандық ауданында – 3 жекеменшік, Түркісіб ауданында – 1 жекеменшік мектеп салынбақшы.

Тиісті саланың нақты мәліметіне сүйенсек, елімізде қазір 7,6 мың мектеп бар көрінеді. Осы 2,3 мыңы қалада, 5,3 мыңы ауылдарда орналасқан мектептерде 3,6 млн-нан астам бала білім алып жатыр. Қазіргі кезде Қазақстан бойынша 5,2 мың мектеп екі ауысымда білім беріп жатыр. Алдағы уақыттарда осы мектептерді бір ауысымға көшіру жоспарланып жатыр. Сондықтан дәл қазір еліміз бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына орай барлық оқушылар үшін «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынуда.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов «Біздің басты міндетіміз – балабақшадан бастап, білім берудің барлық деңгейлерінде халықтың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2021 жылдан бері 674 балабақша ашылып, 326 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сонымен қатар, 1436 мектеп жаңғыртылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарттары бойынша 840 мың орын беретін мектеп салу көзделген», – деген еді.

Жалпы, бұл Ұлттық жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 800 мыңнан астам оқушы орны беріледі деп күтілуде. Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы биылдан бастап орындала бастайды. Әрі бұл жоба басқа ұлттық жобалардан ерекше, бірегей. Мұндай мектептердің басты ерекшелігі мынада. Мәселен, жаңа «Жайлы мектептер» мен қазіргі салынып жатқан мектептердің тұжырымдамалық айырмашылықтары – құрылыстың бірыңғай стандартының сақталуы, заманауи пән кабинеттерімен және зертханалармен толық жабдықталуы, 1–4-сынып оқушылары мен 5–11-сынып оқушылары үшін бөлек блоктардың болуы, құрылыс және әрлеу материалдарының сапасы жоғары болуында. Оқушылардың санын ескере отырып, көбірек спорт залдары ашылады. Қыздар мен ұлдарды еңбекке тәрбиелеу үшін әр мектепте арнайы шеберханалар қарастырылады. Жалпы 1,5 млн орын салу – біртіндеп бірауысымды оқу форматына көшуге де жол ашатын игі бастама.

Сонымен қатар, Ұлттық жоба аясында жыл сайын шағын қалалардың өзінде мың мектеп жаңарып отырады. Бұл ретте қолға алынып жатқан жұмыстар мектептерде 6 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі. Мәселен, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғырту, қауіпсіздікті жақсарту. Жаңаша мектептерде білім алатын оқушылар заманауи ғылымды дамытуға да өз үлестерін қосуы керек. Мәселен, 2004 жылдан бері өтіп келе жатқан World Robot Olympiad (WRO) олимпиадасына біздің еліміз тек 2014 жылдан бері қатысып келеді. Биыл 73 елдің 365 командасы финалда үздік атақ үшін сынға түсіп, іріктеу кезеңіне бүкіл әлем бойынша 15 000 команда қатысты.

Міне, біздің оқушыларымыз да осындай әлемдік бәсеке-лерге қатысу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында роботтехника, химия, биология, физика пәндері бойынша бойынша жүргізіледі. Мәселен, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғырту, қауіпсіздікті жақсарту. Жаңаша мектептерде білім алатын оқушылар заманауи ғылымды дамытуға да өз үлестерін қосуы керек. Мәселен, 2004 жылдан бері өтіп келе жатқан World Robot Olympiad (WRO) олимпиадасына біздің еліміз тек 2014 жылдан бері қатысып келеді. Биыл 73 елдің 365 командасы финалда үздік атақ үшін сынға түсіп, іріктеу кезеңіне бүкіл әлем бойынша 15 000 команда қатысты.

Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қазақстан бойынша балаларды сауықтыруға арналған 50 лагерь ашылады. Оқушылардың демалыс және сауықтыру лагерьлеріне қолжетімділігін кеңейту жоспарланып отыр. Әрбір бала өзінің қалауы бойынша спорттық секцияларға немесе шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алады. Жалпы, мұндай жұмыстар мәдениет және спорт, сондай-ақ білім беру ұйымдарының желісі арқылы да жүргізіледі. «Жайлы мектеп» жобасы мектептерді әлемдік стандарттарға сәйкестендіріп қана қоймай, оқушыларымыздың сапалы, жан-жақты білім алуына да ерекше әсерін тигізеді.

КҮНТІЗБЕЛІК МЕРЕКЕ

НАҚТЫ КҮНІ БЕЛГІЛЕНЕДІ



Қоңыр күзде ел тұрғындары бірнеше атаулы күнді мерекелейді. Мәселен, қазан айында Қарттар айлығы басталса, алғашқы жексенбісінде мұғалімдер мерекесін тойлаймыз. Еліміз ұстаздарының кәсіби мерекесі қазан айының алғашқы жексенбісіне дәл келетін күнтізбенің 2-сіне, кейде 4-іне түсіп жатады.

Сондықтан биылдан бастап бұл мерекені нақты бір күнге белгілеу ұсынылды. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндер тізбесінің 36-тармағына 5 қазанды «Мұғалімдер күні» деп бекіту ұсынылып отыр.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«Отбасылық-демографиялық ахуал – зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе. Өкінішке орай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«АҢСАҒАН СӘБИ» талай отбасын бақытқа бөледі

Қазақ – балажан халық. Сондықтан «Балалы үй – базар» дейді. Иә, шаңырақ көтерген жас жұбайлардың бақытын, шаттығын үстей түсетін де сәби. Өкінішке қарай, бас құрған барлық ерлі-зайыптыға бірдей бала сүю бақыты бұйыра бермейтіні рас.

Президент тапсырмасын сол кезде-ақ жедел қолға алған Үкімет 2021 жылы экстракорпоральды ұрықтандыруға (ЭКУ) бөлінетін квота санын 7 есе көбейтіп, сол мақсатта республикалық бюджеттен 6 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген болатын.

ЭКУ – өте қымбат бағдарлама. Құны миллион теңгеден асады, сол себепті көптің қалтасы көтере бермейді. Президент «Аңсаған сәби» бағдарламасын осыны ескеріп, бір шаранаға зар болып жүрген ерлі-зайыптыларға қолжетімді болсын деп енгізді.

ЭКУ процедурасы елімізде 2010 жылдан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне қосылған. Соған сәйкес, ЭКУ-ға жылына 900–1000-дай ғана квота бөлініп келген болса, Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін «Аңсаған сәби» аясында квота саны бірден 7 мыңға көтерілді. Мамандардың зерттеуіне сүйенсек, ЭКУ көмегіне жүгінгендердің 45%-ы жүкті болып, өмірге дені сау сәби әкеліп жатыр. Дегенмен де, бүгінде елімізде «бедеулік» диагнозы қойылған 10 мыңнан астам әйел есепте тұр.

Иә, «Аңсаған сәби» бағдарламасы бедеулік диагнозы қойылған пациенттерге арналған. Оған отбасылық жұптар да, жеке адамдар да қатыса алады. Тек Қазақстанның азаматы болуға тиіс және Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген медициналық талаптарға сәйкес келуі керек. Квота бала көтеруге кедергі келтіретін созылмалы аурумен ауыратын жандарға берілмейді.

«Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ЭКУ-ға жолдама алу үшін алдымен тіркелген жері бойынша емханаға бару міндетті. Сол жерде үміткерді бедеулігі бар диспансерлік пациенттердің электрондық тізіміне қосады. Одан кейін тексерістен өтеді. 12 айдың ішінде емхана бейінді маманның корытындысы негізінде пациенттің құжаттарын жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі жергілікті комиссияға жібереді. Комиссия оң шешім шығарған жағдайда әйелді «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына тіркеп, емшараға дайындық басталады. Пациент ЭКУ клиникасын өзі таңдайды. «Аңсаған сәби» бойынша экстракорпоральды ұрықтандыру процедурасы жылына бір рет тегін жасалады. Талпынысыңыз сәтсіз аяқталған жағдайда қайтадан кезекке тұра аласыз.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін экстракорпоральды ұрықтандыру әдісімен елімізде 25 мыңға жуық бала дүниеге келген. Сондай-ақ, қазіргі таңда елімізде 26 ЭКУ-орталық жұмыс істейді, олардың 21-і – жекеменшік.

Өмір болған соң түрлі тағдыр иелерімен кездесеміз, сөйлесеміз. Сонда байқағанымыздай, бала сүйсем деген арманмен банктен несие алып, ел-жұрттан қарызға ақша жинап, көлігін, тіпті баспанасын да сатып, ақылы ЭКУ қызметіне бірнеше мәрте жүгінгендер бар. Өкінішке орай, көбінің қыруар қаржы жұмсап жасаған сол талпыныстары сәтсіз аяқталып жатады. Арада тоғыз-он жыл бала болмағанын, ажырасып тынатын жандар да аз емес. Ал шынайы сезім мен темірдей төзімнің арқасында ЭКУ арқылы бала сүйген



Сурет ашық дереккөздерден алынды.

- 2022 жылы «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ЭКУ-дан 6,5 мың әйел өткен. Нәтижесінде 2654 отбасында іңгәлап, аста-төк қуанышқа бөлен 3110 сәби келді.
- Алдағы жылдары жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерге күтім көрсетуді жақсарту мақсатында елімізде халықаралық стандарттарға сай заманауи 11 перзентхана салынады.
- Бұл бағдарлама «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін жалғасатын болады.
- Былтырғы 9 айда Алматы қаласы бойынша барлығы 2266 ЭКУ жасалып, оған 2,3 млрд теңге төленіп, аталған бағдарламаға 8 клиника қатысқан.
- Елімізде әрбір 85 секундта 1 адам (бөбек) жарық дүние есігін ашады.

Мұқашевтар отбасында бүгінде Арман есімді балақай атанасын, ата-әжесін бақытқа бөлеп, өсіп келе жатыр. Бұл отбасы туралы сол жылы бүкіл БАҚ сүйіншілеп жазды да. Себебі, олар Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында ең бірінші сәбилі болған ерлі-зайыпты еді.

Отау құрғанына 9 жылға таяған Қуандық Мұқашев пен Дана Өмірбекованың (Алматы облысының тұрғындары) балалы болсақ деген армандарын жүректеріне түйіп алып, бармаған жері, баспаған тауы қалмаған. Ем-домның барлық түрін қабылдап көргенмен, нәтиже болмаған. Сөйтіп жүргенде, Дана «Аңсаған сәби» бағдарламасына ілігіп, кезекке тұрады. Ақпан айында ЭКУ жасалып, екі аптадан кейін қуанышты жаңалық естиді. Айтуынша, жүктілік кезеңі де жақсы өткен. Табиғи түрде, ешқандай ауырсынусыз, жүрегінің астына, құрсағына біткен шаранасын тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп жүріп, аман-есен босанып, қол-аяғын бауырына алады. Қаншама жыл армандап жеткен бөбекке ата-әжесі азан шақырып Арман деп ат қойды. Аман болсын балақай! Көбей, қазақ!

● ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

МУКОВИСЦИДОЗ

сирек кездесетін ауруларды анықтау мен емдеудің тәсілдері талқыланды

Алматыда Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының пульмонология бөлімінде муковисцидозбен ауыратын науқастарды диагностикалау, емдеу мен оңалтудың заманауи аспектілері тақырыбында шеберлік сағаты өтті.

Оған еліміздің әр өңірінен 80-нен астам маман, атап айтсақ, пульмонологтар, педиатрлар, диетологтар, гастроэнтерологтар, физиотерапевт-дәрігерлер, резиденттер, медициналық ЖОО студенттерімен қатар, барлық аймақтан сирек (орфандық) аурулар бойынша өңірлік үйлестірушілері мен әр облыстың Денсаулық сақтау басқармаларының өкілдері қатысты.

Шеберлік дәрістерін Ресейдің жетекші дәрігерлері – профессор, «Н.П.Бочков атындағы МГГО» ФМБГМ-нің генетикалық эпидемиология зертханасының бас ғылыми қызметкері Наталья Каширская, РФ Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық медициналық балалар денсаулығын зерттеу орталығы» ФММ-ның білікті мамандары – микробиолог Анна Лазарева, профессор, жоғары санатты пульмонолог, пульмонология бөлімінің меңгерушісі Ольга Симонова, педиатр, нутрициолог Инна Соколов, эндоскопиялық зерттеулер бөлімінің меңгерушісі Максим Лохматов өткізді.

«Орталықтың пульмонология бөлімінің құрылуы мен дамуына академик Камал Ормантаев, профессор Күлән Омарова, Мунира Байжанова сынды басқа да мамандар үлкен үлес қосты. Пульмонология бөлімінің алғашқы меңгерушісі Тен Ольга Денисовна болды. Бөлім құрылғалы бері мукровисцидозбен ауыратын балаларға ерекше көңіл бөлініп, гендік ауруларды анықтау жақсарып келеді. Жаңа емдеу технологияларын енгізудің арқасында науқастардың жағдайы жақсарып, өмірі ұзарды. Егер бұрын мукровисцидозды балалық шақ кезіндегі ауру деп саналса, қазіргі таңда бұл дертке шалдыққан балалар есейіп, ғұмырлары ұзарып жатыр», – дейді Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының директорлар кеңесінің төрайымы Мариям Омарова.

Ал «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ Басқарма төрағасының ғылыми-инновациялық қызметтер жөніндегі орынбасары Лязат Манжуова өз кезегінде: «Жыл сайын ауруханада әртүрлі бронх-өкпе патологиясы бар 600-ден астам балаға көмек көрсетіледі, 200-ден астам телемедициналық кеңестер жүргізіледі. Біздің мамандар еліміздің барлық аймағында шеберлік сабақтар, медициналық, консультативтік, әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Емдеу-диагностикалық жұмыстар халықаралық стандарттарға сай жоғары деңгейде жүргізіледі. Пульмонология бөлімі бүгінде жас мамандарды дайындайтын жақсы мектеп болса, біздің Орталық республика бойынша балалар пульмонологтарын дайындайтын базаға айналды. Бүгінгі іс-шара осы саланы дамытуға, көркейтуге өз үлесін қосады деп сенемін», – деді.

Екі күндік іс-шарада ресейлік мамандар мукровисцидозды емдеу мен диагностикалау, өкпе асқынулары, физиотерапия мен таргетті терапия, дұрыс тамақтану және мукровисцидозға шалдыққан балаларға дұрыс күтім жасау бойынша кеңестерін берді. Екінші күні мамандар орталықтағы және аймақтардан келген мукровисцидозбен ауыратын 6 баланы қарап, емдеу іс-шараларын бірге талқылады.

Қазіргі күні елімізде мукровисцидозға шалдыққан 173 науқас тіркелген. Сирек кездесетін орфандық аурулар мүгедектікке, өмірдің қысқаруына алып келуі мүмкін. Бүгінде сирек кездесетін аурулардың 7 мыңнан астам түрі белгілі.

Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының дәрігерлері практикалық дәрігерлер мен ата-аналар үшін бірқатар ұсыныстар әзірледі. Атап айтсақ, трихобезоарлар девиантты мінез-құлықпен (трихотилломания, трихофагия) зардап шегетін балаларда қалыптасады, сондықтан соматикалық және хирургиялық стационарларға іштің ауырсынуымен түскен науқастарда психосоциалды жағдайды және жаман өдеттердің болуын анықтау және бағалау қажет. Диспансерлік бақылауда тұрған психикалық кемістігі бар балалардың барлық мүшелерін зерттей отырып, іш қуысын жүйелі түрде ультратыбыстық бақылаудан өткізу керек. Вегетативтік-тамырлық дистония, құрысу ұстамасы, невротикалық жағдай синдромы, жабысқақ күйініш бұзылысы (ойнауға, жұлғаға, шашты жұтуға, тырнақ тістеуге патологиялық бейімділік) ауыр неврологиялық фоны бар балаларға құрсақ қуысы ультратыбыстық скринингі жасалу керек.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

● ТОСЫН ЖАҒДАЙ

Алматы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында асқазанына көп шаш жиналған 11 жастағы балаға шұғыл ота жасалды.

Қызға шұғыл түрде іш қуысы мүшелеріне УДЗ, эзофагогастроуденоскопия жасалған. «Тексеру кезінде асқазанның көлемді «дыбыс іздерін» құрайтын көптеген эхо-теріс түзілістермен толғаны белгілі болды. Зерттеу нәтижелері асқазанда көптеген гетерогенді бөлшектер, шаш өрімінен және шырыштан тұратын оның бүкіл көлемін толтыратын лас кара түсті бөгде дене анықталды. Қорытынды диагноз: асқазанның трихобезоары», – дейді БШМККО іріңді және кеуде хирургиясы бөлімінің меңгерушісі С.Мырзахмет.

Қыздың асқазан қуысынан 16*6*5 см, салмағы 1000 г үлкен көлемдегі тығыз, көптеген шаштан тұратын тамақ массасы мен

ТРИОТРОТИЛЛОМАНИЯ

Алматылық дәрігерлер 11 жасар қыздың асқазанынан бір келі шаш алды

шырыш жабысқан конгломератпен бейнеленген бөтен дене (трихобезоар) табылып, алынып тасталды. Мамандардың сөзінше, жұту кезінде асқазан-ішек жолына түсетін бөгде денелер безоарлар деп аталады. Ең көп кездесетіні өсімдік тектес фитобезоарлар, олардың пайда болуының себебі – жанғақ, інжір, жүзім, шабдалы, цитрус жемістері және т.б. Органикалық текті безоарлар асқазанда кейбір дәрілік заттар, лак, шайырды жұтқанда да түзіледі.

«Педиатриялық тәжірибеде шаш немесе жүннен түзілген асқазандағы түзілімдер ерекше қызығушылық тудырады. Мұндай безоарлар шаш, қас және кірпігін жұлып, жұтатын патологиялық бейімділігі бар қыздарда кездесіп, ол триотротилломания деп аталады. Бұл ауру жабысқақ күйініш

бұзылысы бар және девиантты мінез-құлықты балаларда жиі кездеседі. Нәтижесінде асқазанда тамақ массасы мен шырышпен қанығып жабысқан шаш шүйкесі пайда болады. Кейде үлкен трихобезоар асқазаннан ұлтабар мен аш ішекке дейін жетеді», – дейді балалар хирургі Сәуле Сүлейманова.

Асқазан трихобезоарының белгілері олардың мөлшеріне, локализациясына және қалыптасу ұзақтығына, сондай-ақ олармен байланысты асқынуларға байланысты. Бұл жүрек айну, төс асты аймағындағы ауырсыну, қышқыл иіспен кекіру, тәбеттің төмендеуі, құсу, жалпы әлсіздік, салмақ жоғалту сияқты жиі шағымдармен сипатталады. Трихобезоардың өсуі асқынуға – қан кетудің дамуымен асқазанның шырышты қабығының жарасына (геморрагиялық гастрит) әкелуі мүмкін.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ҰРШЫҚША ИІРУІ ҚАЖЕТ!

Алматыда IV Қысқы жастар ойындарының ашылу салтанаты өтті. Додаға еліміздің түкпір-түкпірінен спортшылар жиналды. Бұл – елішілік бәсеке. Қазақстан Республикасының Қысқы керлингтен жарысы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

Спорттық іс-шараға Қазақстанның 10 өңірінен сайыскерлер шоғырланды. Олар мұз сайысының көркін қыздырады. Ең кіші спортшы 6 жаста болса, 28 жастан жоғары қатысып жүргендер бар. Ең үздік шыққандар Керлингтің Ұлттық құрама сапына іріктеледі. Сөйтіп, 2024 жылы Оңтүстік Кореяда өтетін додада бақ сынайтын болады. Бұл жарыстың өтуіне Қазақстан Керлинг федерациясы тікелей мұрындық болуда.

— Елде ең кенже дамыған қысқы спорт – керлинг. Бұйырса, мұның бойына да қан жүріп келеді. Жас спортшылардың қызығушылығы артып, жанкүйерлері де көбейіп



Ынта болса алға ілгерілеу мен даму да болады

жатыр. Мұндай ынта болса, алға ілгерілеу мен даму болады, — деді бас жаттықтырушы Виктор Ким.

Республикалық спорт дамыту дирекциясының аналитикалық талдау бөлімінің қызметкері Абылайхан Қылышбаев спорттық іс-шараның ұйымдастырылуы, жасөспірімдер спортының даму бағыттары бойынша ой қозғады.

— Біз осы керлинг сайысының өтуіне жауапты мамандар саналамыз. Биылғы 1–12 ақпан аралығында керлингтен жарыс өтуде. Бұл сайысқа елдің 10 облысынан 200-ге жуық спортшы қатысуда. Бір сөзбен түйгенде, өткен жылдармен салыстырғанда қызығушылық артып барады, — деді ол.

Жерлестеріміз үздік нәтиже көрсете бастады

Дүниежүзілік байрақты бәсекелер сан түрлі саланы қамтиды. Бұл бағыт бойынша АҚШ, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея сынды т.б. елдер топ жаруда. Соның нәтижесінде көштің басын бермей тұр.

Қазақ елінде қысқы спорт кенже дамып келеді. Көпшілік мұндай салада жетістік барын да аса аңғармауы мүмкін. Десе де, 2023 жыл бірынғай жеңіске бастап келеді. Жерлестеріміз бірінен соң бірі үздік нәтиже көрсете бастады. Бір сөзбен айтқанда, аяқ алыстары тәп-тәуір. Жетістіктерді санамалап шықсаңыз көз тойып, көңіл жадырайды. Бірақ олар жайлы тұшымды ақпарат берілмейді. Былайша айтқанда, тасада қалып келеді.



Осыған дейін бірнеше мәрте қысқы спортты қолдау керектігін жазғанбыз. Қарап тұрсақ, хоккей, трамплиннен секіру, биатлон, шаңғы, коньки жарыстары біршама жолға қойылыпты. Бұрын сырттан легионерлер көбірек алынатын.

Бүгін де сырттан келіп жалданып ойнайтындар түгесілмеді. Алайда, өзіміздің қарақөздеріміз біртіндеп шетел спортшыларын ысыра бастаған сыңайлы. Оны байқап, көріп, естіп және біліп жүрміз. Мұнысы қуантады.

Өнер мен спортта атой салатын кез келді

Егемендіктің елең-алаң шағындағы ахуал белгілі. Жұрт босып, коммерсант болуға шықты. Бірақ уақыт өте келе тұрмыс түзелді. Қолайлы тіршіліктің арқасында спортымыз да құлаш жая бастады.

Адам нанға зар болған шақта «байтал түгілі бас қайғы» болып жүрді. Ол жағы жақсы түсінікті. Ал қазіргі сәтте мемлекет тарапынан қолдау бар. Жыл сайын қазынадан бөлінетін қаражат аз емес. Нәтижесінде бірқатар жетістіктерді көрудеміз.

Спортта ұтқан адам жүлде иеленеді. Ол оның мандай тері. Бұл қарапайым философия. Сол медальдың екі жағы және бар. Бізде қолдау көп деп, ақсап келе жатқан спорт түрлерін айтпай өтпейік. Қысқы спортта биатлон деген салада ақсап тұрған тұсымыз ол – нысанаға көздеу. Таулы қыраттар өтіп, қатпарлы жолды артқа тастаймыз, дәл көздеп тигізуге келгенде мұлт кетеміз.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Тым құрығанда 2-3 оқ тимей қалады. Әншейінде құралайды көзге ататын халықпыз деп маркамыз. Ал жарыста олай болмай жатады. Одан кейін коньки жарыста осалдауымыз. Мәнерлеп сырғанаудың жұптық кезеңіне өте алмаймыз, сонда өнер көрсететін қыз-жігіттеріміз аз сияқты. Әйгілі спортшы Денис Теннен кейін, әлі күнге дейін өзгені байқамадым. Бұл мәселенің бір шеті ғана. Осындай өркендемей

тұрған жақтарымызды жақсарту қажет. Өзімізде отандық жаттықтырушылар шоғырын қалыптастырған абзал.

Қазақ дарынды халық. Басқаны былай қойғанда, өнер мен спортта атой салатын кез орнады. Қысқы спортты қазақ баласы ұршықша иіруі қажет. Қашанғы бәзбіреулерге таңданамыз. Ұлтымыздың ұлқыздары өз спортымызды көтеруі керек. Сол күнге жетейік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КЕРЛИНГ – ЖАСТАР ҮШІН ҒАЖАП ОЙЫН

Бізде айрықша көзге түсіп жүрген спорттың бірегейі, ол – керлинг. Мұның дамуында үлкен серпіліс бар. Дүниежүзілік Керлинг бірлестігінің сапына да енген. Халықаралық стандарттарға сай регламентін бекіткен. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Керлинг ассоциациясы жұмыс істеп тұр. Бұл еліміз үшін биік шыңды бағындырудың басы ғана деп ойлаймыз. Қысқы спорт түрлерінен сайыстың сан түрі өтуде. Соның ішінде керлинг кеңістігін бағамдап көрелік. Алматыда еліміздің керлингтен бас бапкері Виктор КИМДІ кезіктіріп, осы саланың жай-жапсарын білген болатынбыз.

НӘТИЖЕМІЗ ЖАҚСЫ

Бүгінде 14 ірілі-ұсақты федерация тіркеліпті. IV Қысқы керлингтен жастар арасындағы жарысқа осының 10-ы қатынасып отыр. Бізде бұл спорт түрінен 2500 адам ойнайды. Бұл орта есеппен алғандағы көрсеткіш. Тіпті, бұдан жоғары болуы да ғажап емес. Басқа спорт түрлеріне қарағанда алдыңғы қатардамыз. 25 жасқа дейінгілер арасында да солай. Спартакиадада әжептәуір көрсеткіштер көрсетіп келеміз.

Керлингпен шұғылданғысы келетін жастар қатары артуда. Келем деушілерге есік ашық. Бірақ арнайы классификациясы, регламенті қарастырылған. Негізінен 4 жастан басталады. Осы жас мөлшерінен асса жеткілікті. Сіздерге таңданарлық нәрсе айтайық. Біздің бір ойыншымыздың жасы 102-ні алқымдады. Соған қарамастан, ол кісі қызығушылығын тастаған емес. Демек, нәтиже жақсы деген сөз.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

Жастар үшін керлинг ғажап ойын. Спорттың қайталанбас түрі. Бұл тек қана мұзбен байланысты емес. Бүкіл денені жаттықтыруға негіз болады. Әрине, мұның қадіріне жету керек. Ең бастысы, төзімділік болса, жетістік өзі-ақ қол бұлғап шақырады.

Мұны қысқы спорт ойындарына жатқызамыз. Оның тарихы 600 жылды қамтиды. Қазіргі Ұлыбритания құрамындағы Шотландия елімен байланысты. 1511 жылы сол елде бір тас табылған. Осы тастың пошымы керлингтің негізгі атрибутына айналып отыр. Ресми деректер бойынша алғаш рет шотландықтар ойнай бастапты. Содан кейін біртіндеп әлемге тараған. Керлинг ғаламшарымызда 6 ғасыр бойы қысқы спорттың өзегіне айналып тұр. Оны шетелдік спорт сарапшылары да қолдайды.

ЖАНЫМ СҮЙЕТІН СПОРТ

Сіздер жалпы шежіресіне қанықтыңыздар. Ал Қазақстанда екі онжылдық бойы өркендеп келеді. Осыдан тура 20 жыл бұрын қолға алынды. Дәлірек, 2003 жылы Қазақстан Керлинг федерациясы құрылды. Сол кезде бар болғаны 3 адам едік. Ал қазір 2,5 мыңнан астам мүшесіміз бар.

Мемлекет жағынан қолдау көрсетілуде. Оны сезініп жүрміз. Шынын айту керек, алғашқы 15 жылда нәтиже көрсету керек болды. Осы аралықта жетістікке жетуге талпындық. Үздік екендігімізді дәлелдедік. Соның жемісін соңғы 5 жылда анық байқаудамыз. Біздің құрама әлемнің барша чемпионатына қатысады. Біз дүниежүзілік қысқы ойындарда өнер көрсетудеміз. Балалар, жасөспірімдер, жастар санатының бәрінде бармыз, ойнап жүрміз.

Тұңғыш рет «Азия балалары» кешенді сайысына қатыстық. Бұған дейін ондай дәрежеде қатысу тарихта болмаған. Бұған Астана, Алматы облыстарының құрамалары қатынасуда. Бұл Азияның Олимпиадалық кенесіне өтуге ықпал етуде. 23 ақпан мен 5 наурыз аралығында спортшыларымыз Ресейдің Кузбасс қаласында сайысады. Ол жақта 12 елдің жүйріктері жиналады. Бұйырса, жеңіске жетеміз!

Өлгінде жетістігіміз жақсы екенін айтып өттік. 20 жыл керлинг үшін аса көп уақыт емес. Мәселен, Жаңа Зеландияда 130 жылдан бері өркендеп келеді. Оларды сонда да біз басып оздық. Ал Скандинавияда 200–250 жылдан бері ойнап келеді. Осындай көрсеткіштерге қарамастан иық тірестіріп, тең дәрежеде ойнап келеміз.

Қазақстанда жүйелі қозғалыс аңғарылады. Тұрақты түрде дамытып отыратын боламыз. Әрине, жастар арасындағы дәстүрлі сайыс жалғасын тапқаны жөн. Дәп сонда ғана алған бетімізден қайтпаймыз. Табандылықтың арқасында ғана жас спортшылар әбден машықтанады.

Бізге келетіндердің көбісі – өңірлерден. Соның ішінде ауыл балаларының бәсі жоғары. Нақтырақ, Атырау, Маңғыстау, Астана және Шығыс өңірінен. Осы тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Осы аталған аймақтардың елдімекендерінен ынта білдіретіндер көп.

КЕРЛИНГ ӨЗ АРБАСЫН ӨЗІ СҮЙРЕУДЕ

Ел аумағында керлингтің өз базасы бар. Ол – Алматыда орналасқан. Нақтырақ айтқанда, Медеу ауданында қоныс тепкен. Осы жерде ешкімнің көмегінсіз спорттық кешен салудамыз. Бюджет қаржысына емес, өз есебімізден тұрғызуадымыз. Дәп осы құрылыстың қарсаңында мемлекет қолдауын күтеміз. Өйткені, ішкі-сыртқы формасы келіскен, заманауи әрі еңселі ғимарат болғанын қалаймыз. Бәлкім, барынша қолайлы жағдай туғызар болсақ, қатысам дейтіндердің санаты артып қалар.

Керлингке арналған спорт кешеніне жеке кәсіпкер азаматтардан бірталай қолдау болып отыр. Олардың басым көпшілігі бұрынғы спортшылар. Өздері осы саладан қанат қағып ұшқаннан кейін, жәрдемдесіп келеді. Мүмкін оларды демеуші дегеннен гөрі жанашыр жандар деген дұрыс шығар. Себебі, қолынан келгенше көмек көрсету, қолындағы қаражатымен бөлісу нағыз азаматтық деп білеміз. Ойымды қорыта келе, ғаламдағы ғажайып ойын керлинг деп үлкен сүйіспеншілікпен тағы бір мәрте қайталаймын. Қазақ елінде қысқы спорт түрлері дами берсін!

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



● КОНКУРС

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№16 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 587.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 195 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№20 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 102/68 үй.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, аралас оқыту тілі.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№133 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 15/1,

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2000 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№182 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 30-үй.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2014 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, аралас оқыту тілі.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№67 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 14.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1998 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 140 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№176 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, «Құлагер» шағынауданы, 52 А

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2012 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 145 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№127 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дулатов көшесі, 33-үй

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 100 бала, оқыту тілі орыс тілінде.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№59 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК менгерушісі.

Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауд., «Нұршаһқан» ы-а., Ақмаңдай көшесі, 6-үй.

Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2010 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 75 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74 А үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

● СПОРТ

АЛМАТЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМІ жүлделі үшінші орынды иеленді

Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдер арасында волейболдан чемпионат өтті. Спорттық бәсекеге Алматы, Шымкент, Қызылорда, Тараз және Талдықорған қалаларынан келген 9 команда қатысып, өзара бақ сынады.



Әр команда құрамында 6 әскери қызметшіден болды. Жарыстың шымылдығын түрген «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник Константин Қуатов алғы сөзінде волейболдан өздерінің шеберлігін көрсету үшін әр қаладан келген командаларды құттықтап, жеңіс тұғырынан көрінулерін тіледі. «Жеке құрамның спортпен шұғылданыуына мол мүмкіндіктер жасалуда. Физикалық дене күштерін шынықтыру өте маңызды», – деп атап өтті.

Шаршы алаңдағы тартысты ойын 6506 әскери бөлімі мен 5513 әскери бөлімдерінен келген командалар арасында өрбіді. Алғашқы минуттарда Шымкент қаласының командасы шабуылдарын үдетіп жойқын соққылар жасап, есепті еселеп алды. Ұпай санымен артта қалғанын сезген тараздық спортшылар да қарап қалмай, ойын тізгінін өз иеліктеріне алған олар қарсылас команданың қателіктерін ұтымды пайдаланып ұпай санын теңестіре білді. Ойын аяқталуына бірер минуттар қалғанда қос коман-

даның ойыншылары байрақты бәсекеде барын салды. Нәтижесінде ширақ қимыл танытқан тараздықтардың бағы жанып, мерейі үстем болды.

Тартысты өткен жарыстың нәтижесі бойынша алдына жан салмаған Тараз қаласынан келген 5513 әскери бөлімінің командасы чемпион атанды. Жүлделі екінші орынды Шымкент қаласының 6506 әскери бөлімі иеленді. Ал үшінші орынды Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінің командасы місе тұтты.

Жеңімпаздар «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының атынан кубок, диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, ойын барысында белсенділігімен көзге түскен Ермек Сұрабалдинов «Үздік байланыстырушы», Игорь Лопатин «Үздік ойыншы», Жанабек Мақшатов «Үздік шабуылшы», Ерназар Лесбеков «Үздік қорғаушы» номинацияларына ие болды.

Нұр ЖАМАЛ.

2023 жылдың 4 ақпанында Алматы қаласы Білім басқармасының «№41 балабақша» МКҚК және «№25 санаториялық балабақша» КММ бос лауазымдарға орналасуға конкурс қате жарияланды.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА
ҚАЙРАН ҚАЛАМ...

Қазақтың арулары өнерімен, талантымен және іскерлігімен әлемді мойындатып келеді

Жанары мөп-мөлдір, көңілі ақ қардай, келбеті келісті қазақ қыздарына таңқалмай тұра алмайсың. Кешегі Ұлжан мен Зере аналардың, ерліктерімен елге мәшһүр Әлия мен Мәншүктің, Ләззат пен Сәбираның сынықтары бүгін де бар. Ақылына көркі сай аруларымыз шетелдерде де үлкен лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып жүр. «Almaty aqshamy» редакциясы әдеби мен әсемдігі үйлесіп, әлемді мойындатып жүрген бір топ қазақ қыздарының өнегелі өмірлері туралы ой қозғағанды жөн санады.

АҚШ-ТА БАУЫРСАҚПЕН
СҮТ ҚАТҚАН ШАЙ ІШЕСІЗ

Оны Фарида Ғаббасованың аспаздары дайындайды

Қарағандының тумасы Фарида Ғаббасова өзінің мүмкіндігін шетелдерде сынап көру мақсатында 2011 жылы АҚШ-қа қоныс аударады.

Алып шаһарда оның ешқандай туысы, танысы да болған жоқ. Келе салып бірден жұмыс іздей бастайды. Мұхит асып келген кез келген адам алғашында қолына қандай жұмыс ілігеді, соны істей беретіні бар. Мәселен, бала күтуші, үй қызметшісі немесе ыдыс жуушы деген сияқты. Ал тек кеңседе ғана жұмыс істеймін деп келген Фарида жылжымайтын мүлік компанияларының бірінен жұмыс тауып, хатшы болып орналасады.

Итальяндық жігітпен көңіл жарастырып, отбасын құрады. Жұмыс істей жүріп, бала күнгі армандарының бірі – сән және дизайн мамандығы бойынша университетке түседі. Одан кейін Сән үйі директорының көмекшісі болып жұмысқа орналасты. Қазір де сол жерде жұмыс істеп жүр. Дәлірек айтсақ, Orient craft LTD компаниясының АҚШ өкілдігінің басшысы. Олар H & M, ZARA сияқты танымал брендтердің дизайнын жасайды. Осы компаниядағы жұмысын жалғастыра жүріп, 2015 жылы Манхэттеннен ғимарат сатып алып, мейрамхана ашады. Бұл талабына ағасы да көмектескен екен. Бастапқыда олар клиенттеріне тек американдық мәзір ұсынып жүреді.

Бірақ мұнда дәл осындай, бірінен-бірі өткен кафе-дәмханалардың жетіп-артылатыны айдан анық. Сондықтан Фарида-ның аспаздары шығыс тағамдарын, яғни палау, манты, самса дайындап ұсына бастайды. Сөйтіп, американдық тағамдарға қарағанда шығыстық ас-суға сұраныс бірден артқан. Сондықтан олар 2018 жылы мейрамхана мәзірін түбегейлі өзгертіп, тек шығыс тағамдарын ұсынатын болды. Мұнда тек Орта Азиядан келген аспаздар жұмыс істейтін көрінеді. Сұранысқа қарай бауырсақ және сүт қатқан шай ұсынады. Бүгінгі күні түскі және кешкі уақытта кезек көп болады екен.

Фариданың мейрамханасына келушілер Қазақстанға ерекше қызығушылық танытып, біздің ел туралы жиі сұрайтын көрінеді. Тіпті, алдағы уақытта саяхаттап барып та қалуымыз мүмкін деп ілтипат көрсетеді екен.

Бірде біздің Димаш Құдайбергennің Нью-Йорктегі концертін кейін қызықты оқиға болыпты. Димаштың бір жанкүйері Фариданың мейрамханасына арнайы келіп, әнші мен қазақстандықтардың қандай тағамды жақсы көретінін сұрап алып, соларға тапсырыс берген екен. Геннадий Головкиннің фанаттары да жиі келіп тұрады деседі. Фарида Ғаббасованың қазақ дәстүрлі тағамдарын ұсынатын бұл мейрамханасы қаланың «Топ-20» мекемесіне енген.

АРМАН АЛДАМАЙДЫ

Әсел Таласбаева – Нью-Йорктің көз дәрігері


Алматымен іргелес жатқан Жетісу облысының Үштөбе қаласынан шыққан Әсел Таласбаева деген қара көзіміз де бүгінде әйгілі Нью-Йоркте микрохирург болып абыройлы еңбек етіп жүр.

Мұхит асып, кәрі құрлықты бағындырып жүрген қызымыздың мамандығы – көз дәрігері. Алматыдағы С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ті табысты тәмамдап, Қазақ көз аурулары ғылыми институтында интернатура мен резидентураны аяқтап, сол медициналық мекемеде көз дәрігері болып еңбек жолын бастаған.

Әсел өз саласы бойынша шетелдіктердің де тәжірибесін көріп, үйренуді студент кезінен армандаған екен. Сөйтіп, ең алғашқы сапары Италиядан басталады. Одан соң жазғы бір демалысында АҚШ-қа сапар шегіп, сол елдің денсаулық сақтау жүйесінің жұмысын ақырын зерттей бастаған. Ондағы дәрігерлердің жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлігіне және дәрігерлер мен пациенттердің арасындағы ерекше этикалық қарым-қатынасқа таңқалып оралады. Содан кейін ол өзіне алдымен ағылшын тілін үйренуім керек және АҚШ-та жұмыс істеуге ұмтылу қажет деген мақсат қояды.

Ол алғашында ағылшын тіліндегі медициналық бағыттағы емтихандардың өзіне аса қиын тигенін жасырмайды. Сынақтардан өтпей қалған сәттері де жоқ емес. Тіпті, бірнеше сәтсіздіктерден кейін «менің қолымнан ештеңе келмейді екен» деп, елге қайтуға жол сөмкесін қамдаған күндері де есте. Бірақ жеңілгісі келмейтін табанды қыз заттарын қайтадан шығарып, кітапхананы бетке алатын. Арманы алдамапты.

Қазақстандық дипломын америкалық



стандартқа сәйкестендіру үшін аптаның төрт күнінде оқып, қалған уақытында кітапханада білім «кеміре» бастайды. Бірнеше емтиханын сәтті тапсырып, кейінірек АҚШ-тың клиникаларында тәжірибеден өтеді. Оның түйіндемесіне көз тіккен профессорлардың бірі – офтальмология саласында жасанды сана технологиясымен жасактандыру зерттеуімен айналысатын зертхана басшысы болып шығады. Әселдің бағы да дәл сол сәтте жанды десек болар. Тіпті, бұл зертханалық топ Нобель сыйлығының иегері екен. Міне, білімге, жаңалыққа күштар біздің Әсел осы бірегей топтың санатынан табылды.

Бүгінде америкалық ғалымдар тобы жасанды сана арқылы көзді зерттеуге арналған арнайы көзілдірік жасап шығарған. Осынау жаңа технологияның сапында қазақтың әдемі қызы Әселдің жүргені де біз үшін үлкен мәртебе.

МЕЙІРІМДІ ӘРІ ҚАМҚОР АРУ


Ал Жанна Иклас Илон Масктың жобасында жұмыс істеп жүр

Қазақстандық, дәлірек айтсақ, ақтаулық 22 жастағы Жанна Иклас әйгілі Илон Маск ұсынған Hyperloop вакуумдық пойыз жобасында жас мамандар тобының құрамында жұмыс істеп жүр.

2013 жылы Илон Маск жасаған вакуумдық пойыз жобасы әлі толық бітпесе де, ғылымдағы орны ерекше деседі. Вакуумдық пойыз, дәлірек айтқанда, вагонға ұқсас капсула ауа кедергісіз қозғалады. Осылайша теориялық тұрғыдан алғанда ұшақтың орташа жылдамдығымен шамалас жылдамдыққа қол жеткізуге болады, бұл сағатына шамамен 700–800 шақырым. Бұл тасымалдау технологиясы қолайсыз ауа райына да шыдас береді.

Бұл жобаны Virgin Hyperloop One (АҚШ, Сауд Арабиясы және Үндістан) және Hardt Hyperloop (Еуропада) сияқты тәуелсіз компаниялар және Калифорниядағы SpaceX-тен жыл сайынғы жарысқа қатысу үшін капсула жасайтын әртүрлі ғылыми-зерттеу мекемелерінің әуесқой командалары әзірлеуде. Ал қазақ қызы Жанна – Флорида университетінің атынан қатысып жатқан Gatorloop командасының мүшесі. 2017 жылдың қаңтарында олардың тобы финалдық турға өту үшін 1500 топтың ішінен үздік шыққан 22-нің бірі атанды. Илон Масктың айтуынша, қазір ұзындығы 10 шақырым болатын және бұрылысы болатын жаңа жарыс туннельі салынуда.

«Менің командада екі рөлім бар. Бизнес және инновациялар саласындағы вице-президент ретінде біріншісінің міндеттеріне gatorloop бренд имиджін құру, іс-шаралар мен конференцияларға материалдар дайындау, ғылыми жобаларды ұйымдастыру және оларды ілгерілету кіреді. Ал екінші рөл – капсула жақтауында тікелей жұмыс істеу: 3D дизайнын жасау, материалдарды таңдау, соңғы элементтерді талдау. Демеушілеріміздің арқасында мен SolidWorks PDM, ANSYS және Altium сияқты инженерлік бағ-



дарламалар тұрғысында көп тәжірибе жинадым. Мен әрқашан адамзаттың өмірін жақсартатын және қоршаған орта мәселелерін шешетін инновациялық жұмыстармен айналысқым келетін. Мен іздегенімді осы жерден таптым», – дейді Жанна Иклас.

Айтпақшы, командада Жаннаны бәрі әзілдеп «мама» дейді екен. Себебі, ол командада кілең жігіттердің арасында жалғыз қыз (бұл жұмыстарда қыздар жағы бір айға жетпей көп шыдамай кетіп қалатын көрінеді). Үнемі бәріне қамқор болып жүреді. Бұл мейірім мен қамқорлық оның қазақ деген бабасынан дарыған, қанмен келген қасиет деп мақтансақ та жарасады-ақ.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.